



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ASTANA MEDIA WEEK 2025: ЗАМАНАУИ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ



Астанадағы «Қазмедиа» орталығында Astana Media Week 2025 форумы өтіп жатыр. Тоғыз жыл ішінде форум Қазақстандағы медиа саласын дамытуға арналған басты алаңға айналып, халықаралық және отандық медиадағы кәсіби мамандарды, медиабизнес өкілдері мен мемлекеттік органдарды біріктіретін маңызды платформа болып қалыптасты.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

МӘСЕЛЕ

СЫРТҚЫ ҚАРЫЗДЫҢ ШЕКТЕН ТЫС ӨСУІ – ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ҚАТЕР

Инфляцияның күшеюі қауіпті тенденция. Үкіметтің бюджет тапшылығын қарызбен жауып, мемлекеттік шығындар арқылы экономикалық өсімді қолдауға ұмтылуы сауатты шешім емес. Парламент Мәжілісінде қабылданған «2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңында бұл үрдіс жалғасын тапты.

Бюджет жобасында үкіметтің қарызға қызмет көрсету шығындары 2026 жылғы 3,5 триллион теңгеден 2028 жылы 4,5 триллион теңгеге дейін артады деп болжануда. Осы орайда 2028 жылға қарай қарызға қызмет көрсету денсаулық сақтауға бөлінген қаражат көлемінен екі есеге артып, білім беруге, қорғанысқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, отын-энергетика секторына, жер қойнауын пайдалануға, көлікке және байланысқа жұмсалатын барлық шығындарға баламалы болады. Яғни, экономикалық өсім еңбек өнімділігінің артуына немесе жабдықтар мен технологияларға ин-

вестиция салуға емес, ауқымды мемлекеттік шығындар мен тұтынуға негізделген. Осының салдарынан Қазақстандағы ең жоғары деңгейде жарияланып отырған экономикалық өсім түрі ел азаматтарының әл-ауқатының артуына әкелмейді.

Нақты секторды қаржыландырудың азаюы аясында қарызды өтеу шығынының артуы бюджеттің 2029 жылға дейінгі Қазақстанның Ұлттық даму жоспарында көрсетілген шараларды жүзеге асыру мүмкіндігін шектейтіні анық. Бұл шаралар өмір сүрудің жоғары сапасын (білім беруді, ғылымды және

денсаулық сақтауды дамыту арқылы), берік экономикалық негізді қалыптастыруды (минералдық-шикізат базасын, энергетиканы және өнеркәсіпті дамыту арқылы) және жаңа өсу салаларын құруды (көлік-логистикалық және агроөнеркәсіптік кешендерді дамыту арқылы) қамтамасыз етуге бағытталған. Өкінішке қарай оларға бағытталған шығынның тұрақты түрде азаюы байқалады.

Бүгінгі таңда квазимемлекеттік сектор негізінен Қазақстан экономикасына несие беруші ретінде қызмет етеді. Екінші деңгейлі банктер қысқа мерзімді және тәуекелі төмен несие беруді қалайды және бұл секторды жандандыру туралы Президенттің бірнеше рет берген тапсырмасына қарамастан, экономиканы несиелеуде белсенді емес. Бөлшек сауда несиелері екінші деңгейлі банктердің несие портфелінің 45,4%-ын құрайды, ал корпоративтік несиелер тек 34,7%-ға тең. Екінші

деңгейлі банктердің активтерінің тек 21,2%-ы ғана бизнес несиелеуге бөлінген, ал 16,5%-ы кепілсіз тұтынушылық несиелер. Мұның бәрі тек инфляцияны күшейтеді. Бұл жөнінде жуырда Парламент Мәжілісінде 2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын қарау кезінде депутат Асхат Рахымжанов айтты.

2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджеттің басты ерекшелігі көп айтылып жүрген Ұлттық қордан нысаналы трансферттерді алуды алып тастау және бюджет тапшылығын біртіндеп азайтуға бағытталған. Депутаттардың айтуынша, жаңа қаржы құжатында бірқатар мәселелер ескерілмей қалған. Мәжілістегі «Ақ жол» фракциясының серкесі Азат Перуашевтің айтуынша, онда Президент Қ.Тоқаевтың биылғы жолдауында қойған міндеттер толығымен қарастырылмаған.

(Жалғасы 2-бетте)



4-бет

Адвокаттар алқасының келесі төрағасы кім?



6-бет

Электромобильдер әкелуге арналған квота алысатарлардан қорғалмаған



8-бет

Шамиль шалдың күпиясы

МӘСЕЛЕ

СЫРТҚЫ ҚАРЫЗДЫҢ ШЕКТЕН ТЫС ӨСУІ – ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ҚАТЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Үкімет болжамдары мен Ұлттық банк пен халықаралық институттардың болжамдары арасындағы алшақтық – ұлттық экономиканың әлеуетінің асыра бағаланғанын айғақтайды. Бюджет кірісінің 80 пайызы салықтан түсіп, оның 53 пайызы қосымша құн салығынан құралатындығы жайлы жоспары күмән тудырады. Сонымен қатар, FitchRatings мәліметтері бойынша экономиканың 38%-ын құрайтын квазимемлекеттік сектор сияқты үлкен ресурс бюджет кірістерінен іс жүзінде алынып тасталғаны мүлде түсініксіз. «Самұрық-Қазына» қоры мен «Бәйтерек» холдингтік компаниясының таза пайдасы 2,5 триллион теңге деп болжануда. Бұл квазимемлекеттік сектордың бюджетке қосқан үлесі олардың таза пайдасының тек 5%-ын ғана құрайтынын білдіреді.

Еске сала кетейік, «Ақ жол» демократиялық партиясы ұлттық компаниялар мен мемлекеттік холдингтерден түскен барлық пайданы бюджетке бағыттауды үнемі талап етіп келеді. Өткен жылы мұндай түзетулер (толық емес болса да) Бюджет кодексіне қабылданды. Алайда, көріп отырғанымыздай, олар да жүзеге асырылып жатқан жоқ. Шығындардың негізгі бөлігі әлеуметтік секторға және жалпы мемлекеттік шығыстарға жұмсалады, олар 80 пайыз болып отыр.

2026 жылы әлеуметтік шығыстар 10,6 триллион теңгені, жалпы мемлекеттік және әкімшілік шығыстар 12 триллион теңгені құрайды, ал экономиканың нақты секторы тек 2,2 триллион теңге алады. Яғни, үкімет болашақ табыс табуға қарағанда қайтарымызсыз шығыстарға 10 есе көп қаражат бөлуге бейіл болып отыр. Өнеркәсіп салаларын дамытуға жұмсалатын шығындар 2,2 млрд теңгеге дейін қысқарады. Бұл өндірістің нақты мың есе аз болатынын білдіреді. Перуашевтың айтуынша, бұл үкіметтің бюджет саясатындағы маңызды теңгерімсіздік. Мұндай қадам экономиканың негізгі қағидаттарына қайшы салық салынатын базаны симметриялы түрде арттырмай шығындарды көбейту инфляция мен импортқа тәуелділікке қарай тағы бір бетбұрыс болады.

Жалпы, республикалық бюджет – жай ғана қаржы жоспары емес, ол – алдағы үш жылдағы ел дамуын айқындайтын маңызды құжат екендігін айта келіп депутат Ернұр

Бейсенбаев бюджет жобасындағы біраз кемшіліктерді ортаға салды. Ол да сыртқы қарыздың шектен тыс өсуіне алаңдаушылық білдірді. Оның айтуынша, мұндай тәуелділік – экономикалық қатердің нақты көрінісі. Әсіресе, квазимемлекеттік сектордың қарызы тым көп. 2026 жылға қарай квазимемлекеттік сектордың борышы 70 миллиард долларға жетеді. Бұл – жалпы ішкі өнімнің 20,5 пайызы. Яғни, ел экономикасының айтарлықтай бөлігі осы секторға тәуелді.

Осылайша, мемлекет өзін-өзі борышқа тіреп отыр. Егер осы саясатты өзгертпесек, ертең біз қарызды емес, қарыз бізді басқаратын жағдайға жетуіміз мүмкін. Бұл – тек Үкіметті ғана емес, Парламентті де алаңдатын мәселе. Сонымен қатар негізсіз және тиімсіз шығындар көп. Жоғары есеп палатасының қорытындысы бойынша, 2,5 триллион теңге көлемінде жүйелік мәселелер анықталған.

Атап айтқанда, құжаттардың сәйкессіздігі, жобалық-сметалық құжаттаманың дер кезінде дайындалмауы. Бұл – жылдар бойы шешімін таппай келе жатқан түйткілді мәселе. Мысалы, Жөбек министрлігі асыра болжау нәтижесінде 45,7 млрд теңге артық көзделген. Денсаулық сақтау саласында 52,4 млрд теңге артық шығын қарастырылған.

Есесіне өңірлерді қолдауға бағытталған қаражат аз болып отыр. Мәселен, «Ауыл – ел бесігі» жобасын аяқтау үшін 183,4 млрд теңге қажет. Бюджетте бұл соманың көзделмеуі де ауылды түлетуге арналған маңызды жоспардың іске асуына қолбайлау болмақ. Сондай-ақ, Үкімет 2026 жылға даму бюджетін екі есеге азайтты.

Қазір тапшылық шамамен 1,9 трлн теңгені құрап отыр. Ал басталып, 2026 жылы аяқталатын жобалардың өзіне 878 млрд теңге қаражат бөлінбей отыр. Бұл дегеніміз құбыры бар, суы жоқ, іргетасы бар, қабырғасы жоқ, уәдесі бар, ісі жоқ жүздеген жоба келесі жылы аяқсыз қалады деген сөз.

Тоқетерін айтқанда, Үкімет қаржылық тұрақтылық әкеледі деп сендіруге тырысқан келер жылдарға арналған бюджет елдегі өзекті мәселелерді ушықтыра түсетіндей. Алайда, соған қарамастан құжат қабылданды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті жолдауында Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді жан-жақты бағамдап, құжаттағы қолданылмайтын немесе сот төрелігіне кедергі келтіретін артық-ауыс тетіктерден арылу керектігін заң шығарушыларға нақты жүктеген болатын. Осыған орай арнайы жұмыс тобы құрылып, қолданыстағы кодекстер сараланды.

ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСТЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ҚОЛДАНЫСТА



Бұл қылмысты ауырлататын мән-жайларына байланысты 160 АЕК-тен 5 000 АЕК-ке дейінгі аралықта айыппұл салынады. Сондай-ақ айыппұл қоғамдық жұмыстармен немесе бостандығын шектеу не айырумен алмастырылуы да мүмкін. Мұндай жағдайда қылмыс жасаған тұлғаның мүлкі міндетті түрде тәркіленеді.

Бұдан бөлек Қылмыстық кодекстегі ең үлкен талқы тудырған жаңашылдықтың бірі қыз алып қашуға байланысты енгізілген жаңа баппен өзектес. Бұрын некеге мәжбүрлеп тартқандар адам ұрлау бабымен жауаптылыққа тартылатын. Қылмыстық кодекстің 125-1-бабына сай қорқыту, шантаж немесе қысым көрсету арқылы неке қиюға мәжбүрленгендерге 2 мың АЕК-ке дейін айыппұл немесе 2 жылға дейін бостандығын шектеу не айыру белгіленіп отыр. Ал ауырлататын мән-жайлар болған жағдайда, мәселен кәмелетке толмағанға қатысты, қызметтік өкілеттікті пайдалану, топпен жасау және т.б. орын алса, онда айыптылардың жазасы 5 мың АЕК-ке дейін айыппұл салуды немесе 3-7 жылға дейін бостандығын шектеу не айыруды көздейді. Егер мұндай әрекеттер салдарынан абайсызда ауыр зардаптар келсе, кінәлілер 5 жылдан 10 жылға дейінгі аралықта бас бостандығынан айырылады.

Гаухар ШАЛАБАЕВА,
Алматы қаласы
қылмыстық істер
жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы

Үлкен ізденіс, терең талқының нәтижесінде дайындалған «Қазақстан Республикасының кейбір оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына Президент биыл 16 шілдеде қол қойды. Бұл жаңашылдықтар 16 қыркүйектен бері қолданысқа енгізілді. Жаңа заңның жаңашылдықтары қандай?

Жалпы Қылмыстық кодекс 2015 жылдан бері көптеген өзгерістер мен толықтыруларды басынан кешірді. Мұндай қадамға халықаралық талаптар, мемлекеттегі түрлі жағдайлар, көпшіліктің ұсыныс-тілегі мен қоғамдағы қажеттіліктер түрткі болған еді. Мысалы осы жолғы жаңғырту барысында Қылмыстық кодекске бірқатар жаңа бап енгізілді. Жаңа күшіне енген заң қағидалары халық үшін өте маңызды. Соның ішінде мәжбүрлеу үшін қылмыстық жауапкершіліктің енгізілгенін көпшілікке жеткізіп, заңның талаптарын кең ауқымда түсіндіру өзекті.

Мәселен, енді сталкинг үшін айыпталғандар қылмы-

стық жазаға тартылады. Бұл қылмыстық әрекет үшін 200 АЕК-ке дейінгі айыппұл немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстары немесе 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыс немесе 50 тәулікке дейін қамауға алу жазасы қарастырылған. Яғни, адамның ізіне түсіп, ұдайы мазалап, телефон шалып, тіпті ол қаламаған сыйлықтар жіберіп, қорқытып-үркітіп, соның ішінде ғаламтор арқылы мазалағандар, біреудің жеке басына қатысты дерек пен әрекетін рұқсатсыз әлеуметтік желіге таратып, қысым жасағандар енді жауапсыз қалмайды.

Сондай-ақ дропперлік үшін де жаза қатаң. Бұрын интернет-алаяқтарға делдал болып, қылмыстық жолмен алынған ақшаны аз-маз тиын үшін қолма-қол шығарып бергендерге қоғам да, заң да кешіріммен қараған еді. Енді алаяқтықтың дамуына түрткі болғандар лайықты жазасын алады. Сәйкесінше банктік карталар мен шоттарды өзге тұлғаларға заңсыз бергендер Қылмыстық кодекстің 232-1-бабына сай жауаптылыққа тартылады.

ЖОЛДАУ – ЖОЛБАСШЫМЫЗ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАҢҒЫРҒАН СОТ

Кез келген саладағы іргелі өзгерістерге, мемлекеттегі жүйелі жұмыстарға жолдауда жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің қозғау салып келе жатқаны белгілі. Соның арқасында жолдау еліміздегі жолбасшы құжатқа айналды.

Бұл стратегиялық құжатта бүгінге дейін атқарылған жұмыстар зерделеніп, ертеңгі күнге бағыт болар басты межелер белгіленеді. Жолдаудағы басымдықтардың нәтижесінде елімізде қаншама жаңа заңдар қабылданып, көптеген заңдық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Әр саланы жетілдіруге қатысты жоспарлар айқындалып, халықтың сапалы, қауіпсіз ортада алаңсыз өмір сүруінің алғышарты да осы құжатта жасалды.

Мемлекет басшысы жыл сайынғы жолдауларында еліміздің сот саласын жандандыру, судьялар мәртебесін көтеру, азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтуға ықпал ететін механизмдерді орынды көрсетіп, төрелік алаңында әділдіктің салтанат құруына негіз қалап келеді. Міне, осындай маңызды жаңашылдықтардың бастауы болғандықтан құзырлы органдармен бірге қарапайым халық та әрбір жолдауды асыға күтеді.

Ал биылғы жолдаудың маңызы ерекше. Себебі, бірқатар жаңа заңдарды қабылдауға тапсырма жүктеліп, әлемде кең қолданыста тауып отырған жасанды интеллект жетістіктерін барлық салаға енгізу мақсат етілген. Ол заманауи дәл тауып, қоғамның негізгі даму жолын көрсетуімен бағалы. Расында, қазір әлем жасанды интеллект жетістіктерімен күнделікті бетпе-бет келуде. Дамыған елдерде роботтар



араласпаған, жасанды интеллект өнімдері қолданысқа енгізілмеген сала аз. Тіпті кейбір елдерде роботтар мен жасанды интеллект адамдардың орнын алмастырып, қызметті ашық, жедел, сапалы көрсетудің үлгісін көрсетіп үлгерді.

Отандық соттың дамуына да жаңа жолдаудың әсері аз болмағаны анық. Қазірдің өзінде соттар жаңа технологияны жетік меңгерумен өзге құзырлы органдар арасында көш бастап келеді. Әрине, жаңа технологияны азаматтар бірден қабылдады дей алмаймыз. Айталық құжаттарды өз қолымен өткізіп, кеңсе мамандарының қабылдап алуына әбден үйрен-

ген азаматтар «Сот кабинеті» сервисіне де тосырқай қарағанын білеміз. Бұл бірыңғай сервис бүгінде сот құжаттарын, азаматтардың талап арыздары мен сұраныстарын қабылдап қоймай, арыздың қозғалысын бақылап отыруға, қажет анықтамаларды жедел шығарып алуға көмектеседі. Үйден, кеңседен шықпай-ақ, кезекке тұрмай-ақ қолындағы құжатын қашықтан рәсімдеуге мүмкіндік беретін «Сот кабинетінің» қызметіне жұртшылықтың ризашылығы шексіз.

Одан бөлек, іс материалдарының судьяларға компьютердің көмегімен автоматты түрде бөлінуі, сот процесінің дыбыс-бейне таспаға жазылуы, сотқа онлайн қатысу мүмкіндігінің қарастырылуы азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеуге, қағазбастылықтан арылып, істерді жедел қарауға жол ашты. Осындай іргелі істердің арқасында сот отырыстарын онлайн өткізу тәртібі қалыптасты. Соның нәтижесінде бүкіл әлемді әбігерге салған коронавирус індеті кезінде де отандық сот іркіліп қалмай, барлық істерді онлайн қарап, сот процесінде қандай да бір қиындықтар, мәселелер туындаған жоқ. Бүгінгі күні азаматтар онлайн соттарға әбден үйренген. Оның тиімділігін де тәжірибе барысында

көріп жүр. Жолдаудағы жаңа тапсырмаларға сай сот жұмысына жасанды интеллект жетістіктерін енгізу кезек күттірмейді. Қазірдің өзінде даусыз істерді робот судьяның көмегімен қарауға, жасанды интеллект көмегімен ұқсас істерді іріктеп, сотта бірыңғай тәжірибе қалыптастыруға қадам жасалуда. Мұндай ілкімді жобалардың жемісін көрер күн алыс емес.

Берік ҚОЖАХМЕТОВ,
Алматы облысы
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

ПӘРМЕН

Самар ауданының прокуратурасы мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарының сақталуына талдау жүргізді. Талдау нәтижесінде 39 азаматтың, соның ішінде 7 кәмелетке толмағанның, «инва-такси» қызметіне мұқтаж екені анықталды.

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ

Алайда 2022 жылдан (аудан құрылған кезден) бастап заңнамаға сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы «инва-такси» қызметі жүзеге асырылмаған. Аудан әкімдігімен тұтынушылар санатын және тізбесін кеңейту туралы қаулы қабылданбаған.

Аудан прокуратурасының ұсынысы бойынша әкімдік мүгедектігі бар адамдарға көлік қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдады.

Бюджеттен 27 млн теңге бөлініп, шектеулі мүмкіндіктері бар адамдарды тасымалдауға арналған арнайы автокөлік сатып алынды, сондай-ақ тұрақты түрде көлік қызметін көрсету үшін жүргізуші жұмыс орны ашылды.

**Шығыс Қазақстан облысы
прокуратурасының
баспасөз қызметі**



ТҰЛҒА

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ СЫЙЛЫ

Қоғам мен құқық саласында ғана емес, руханият әлемінде де өзіндік із қалдырған заңгер, абайтанушы Азбанбаев Марат Ақторғайұлы 70 жасқа толып отыр.



Марат Ақторғайұлы еліміздің сот жүйесінде ұзақ жылдар бойы абыроймен қызмет атқарған, заң мен әділеттілікті өмірінің темірқазығына айналдырған ардақты азамат.

Ол еңбек жолын 1972 жылы Қарағанды химия-металлургия институтында лаборант болып бастаған. Кейін Қарағанды облысы Талды аудандық және облыстық прокуратура органдарында еңбек етіп, тәжірибе жинақтады. Сондай-ақ Қарағанды облыстық адвокаттар алқасында адвокат болып жұмыс істеді.

1990 жылдан бастап Марат

Ақторғайұлы сот жүйесінде абыройлы қызмет атқарды. Шахтинск қалалық сотында, кейін Қарағанды қаласының Октябрь және Ленин аудандық соттарында судья болып жұмыс істеді. 1999 жылдан 2018 жылға дейін Қарағанды облыстық сотының судьясы қызметін атқарып, әділдігі мен парасаттылығының арқасында әріптестерінің және қоғамның зор құрметіне бөленді. Жалпы еңбек өтілі 46 жылдан асады, оның 28 жылы сот жүйесіне арналған.

Құқық саласындағы адалдығы мен кәсіби шеберлігінен бөлек, Ма-

рат Ақторғайұлы Абай мұрасын терең зерттеп, насихаттауға зор үлес қосқан абайтанушы ретінде танылған. Ол Ұлы Абайдың адамгершілік және даналық қағидаларын қазіргі заман құндылықтарымен сабақтастырып, жас ұрпаққа өнеге етіп келеді.

Зейнетке шыққаннан кейін де ел өмірінен шет қалмай, өзінің бай тәжірибесін жас буын мамандармен бөлісіп, рухани және құқықтық кеңістіктің дамуына сүбелі үлес қосып жүр.

Марат Ақторғайұлының сот жүйесіндегі еңбегін әріптестері де жоғары бағалайды. Қарағанды облыстық сотының судьясы Бақытжан Маймаков өз лебізінде: «Марат Ақторғайұлы – әділдігі, парасаттылығы және кәсіби шеберлігімен әріптестерінің құрметіне бөленген заңгер. Оның сот жүйесіне қосқан үлесі мен Абай шығармашылығын насихаттаудағы еңбегі біз үшін үлгі. 70 жасқа толған мерейтойында мықты денсаулық, қажымас қайрат, ашық аспан және бақ-береке тілейміз» дейді.

Әріптестері үшін қадірлі тұлға атанған Марат Ақторғайұлы Азбанбаевты Қарағанды облыстық сотының ұжымы 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасының амандығын және ұзақ ғұмыр тілейді!

Қарағанды облыстық сотының баспасөз қызметі



ӘДЕБИЕТ

ЖАС ҚАЛАМҒЕРДІҢ ТАРТУУЫ

Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы кітапханада «Кітаптар әлемі» жобасының жетекшісі Салтанат Әбдіғалиды «Кішентай әйел», «Жаназық» деп аталатын кітаптарының таныстырылымы өтті. «Кітаптар әлемі» жобасының бес жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген бұл шараға еліміздің түкпір-түкпірінен «Кітап жанашырлары» клубының мүшелері жиналды.

«Кішентай әйел» кітабының алғымсөзінде жазушы Сәбит Дүйсенбиев: Салтанаттың «Үміт ұшқыны» деген әңгімесін оқып, болашағынан үміт күтіп едім. Сол үмітім алдамапты. Бүгін оның әңгімелер жинағын парақтап отырып, айран-асыр қалдым. Иә, Салтанаттың айтары бар екен. Ол шығармаларына бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерін арқау етіп алған. Әкесін сағынған балалар, күйеуі тастап кеткен жалғызділікті әйелдер тағдыры адамды бей-жай қалдырмайды... Салтанаттың қай туындысын оқысаң да көңіліңді ұйқы-тұйқы етеді. Ендеше бұл жас қаламгердің үлкен табысы деп есептейік!» деп жазған екен.

Тараздан арнайы келіп, жерлестерінің сәлемін жеткізген ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Көсемәлі Сәттібайұлы: «адам өмірге келгеннен кейін ата-анасынан кейін кітаптан тәлім-тәрбие, білім алады. Кітаптың құдіретін түсінген адам жаман болмайды. «Кішентай әйел» деген шағын ғана әңгімені оқысаңыз жаныңыз тебіренеді. Әңгіменің басы суреттеу сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ ол оның өмірін көрсетеді. Қиындықты жеңуге жасалған әрекет. Бұл психологиялық дүние. Бұл шымшытырық дүние емес. Біреуді жылату, біреуді күлдіру де емес. Бұл жерде жазушы адамның жан дүниесіне үңіледі. Қысқа жазудың әлемде небір шеберлері бар. Канадалық Элис Манро (1931–2024) деген әйел жазушы бар. Оны көп адам біле бермейді. 2015 жылы шағын әңгімелерінен Нобель сыйлығын алды. Ол кісі бірде-бір роман не повесть жазбаған. Тек қана әңгімелер жазған», – деп Салтанаттың болашағынан үлкен үміт күтетінін айтты.

«Қазір қазақ әдебиетінде дәуір алмасып жатқан уақыт. Менің ойымша қазір ол қайта түлеп жатқан сияқты көрінеді» – дейді әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде журналистика факультетінің Хамза деген студенті. Өзін Салтанат Әбдіғалиды «Кітап жанашырлары» тобында 90-ға тарта оқырманның бірімін деп таныстырған азаматтың пайымдауынша, әдебиетті енді әдебиет жанашырлары ғана құтқарады

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ASTANA MEDIA WEEK 2025: ЗАМАНАУИ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Медиа аптаның алғашқы күні «Жасанды интеллект пен цифрландыру кезеңіндегі журналистиканың жаңа бағыттары: қоғам сенімі және өркендеу» атты пленарлық сессиямен ашылды. Форум қатысушыларына Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хаты оқылды.

«Ақпарат басты ресурсқа айналған заманда біздің осындай басқосуларымыздың маңызы ерекше. Себебі дәл осындай алаңда ғана біз өзекті мәселелерді ашық талқылап, қорытынды жасап, соның негізінде бизнес пен мемлекеттік басқару жүйесіне қатысты маңызды шешімдер қабылдай аламыз. Бүгінде Қазақстан кеңістік пен уақыт тоғысындағы ерекше кезеңді бастан өткеруде. Мемлекет, қоғам және медиа азаматтардың сұранысына сай, елдің алдағы дамуының заманауи бағыт-бағдарын айқындап келеді. Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанды» құру ісінде осындай өзара бекем байланыс берік іргетасқа айналуда тиіс дегені де бекер емес», – деді Аида Балаева.

Министр Digital News Report зерттеуіне сәйкес, Қазақстан азаматтарының бұқаралық ақпарат құралдарына деген сенім деңгейі Орталық Азиядағы басқа елдермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары екенін айтты. Аида Балаеваның айтуынша, бұл – медиасаланы ре-

формалау бойынша мемлекет жүргізіп келе жатқан жүйелі саясаттың нәтижесі.

Министр құттықтауында атап өткендей, Қазақстан өңірде алғашқылардың бірі болып халықаралық стандарттарға, соның ішінде Digital Services Act қағидаттарына негізделген «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заң қабылдады. Сонымен қатар жаңа «Масс-медиа туралы» заң редакциялардың құқықтық мәртебесін күшейтіп, журналистерді қорғау тетіктерін кеңейтті және ақпаратқа қол жеткізу тәртібін нақты айқындады.

Аида Балаеваның жаңа бағыттағы жұмыс жалғасын табатынын айта келе, министрлік бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер енгізуді көздейтін түзетулер әзірлеп жатқанын атап өтті. Бұл түзетулер ақпараттық кеңістіктегі жылдам өзгерістерге лайықты жауап болмақ.

Пленарлық сессияда сондай-ақ ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қанат Ысқақов, Euronews-тің Қазақстандағы бюро жетекшісі Боян Бркич, Euronews халықаралық тілшісі (Франция) Денис Локтьев, Өзбекстан Ұлттық медиа қауымдастығы бас директорының орынбасары Санжар Устабобоев, Түркия радиотелевизиялық корпорациясының (Түркия) Қазақстандағы өкілдігінің директоры Мехмед Захид Чалышкан және «Жетінші арна» телеарнасының бас директоры Илхам Ибрагимов сөз сөйледі. Шара ба-

рысында «Qazcontent» АҚ ұсынған «ЖИ және Қазақстандағы медиа трансформация» бейне-презентациясы көрсетілді.

Іс-шара «Журналистика тоғысында: жасанды интеллекті бар цифрлық медианың пайда болуы» атты панельдік сессиямен жалғасты. Бұл алаңда қазіргі ақпараттық кеңістіктің трансформациясындағы негізгі үрдістер талқыланды. Айта кетерлігі, бағдарламаның бір бөлігі стримингтік платформалар нарығына арналды.

Медиа менеджерлер отырысында «Медиаэтика сенімнің іргетасы: редакторлар манифесі» талқыға түсті. ҚР Парламенті Сенатының депутаты, «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің президенті Бибігүл Жексенбай модераторлық жасаған жиында «Қазақстан» телеарнасының директоры Болат Мүрсәлім, SHYNDYK.KZ бас директоры Газиза Раимбек, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бас редакторы Абай Балажан, журналисті «Медиаэтика» тақырыбының зерттеушісі Бақыт Шойымбек, заңгер, құқық қорғаушы Сергей Уткин бүгінгі медианың беталысы мен проблемалары төңірегінде ой пікірлерін ортаға салды.

«Салалық журналистика мамандарын даярлаудың өзекті тәсілдері» (жабық отырыс) тақырыбы сала мамандарын дөңгелек үстел басына жинады.

«Қазақстан» ұлттық арнасының журналисі Ерқанат Көпжасар форумның алғашқы күні жайлы былай дейді: «Алғашқы панельдік сессияда «Жасанды интеллект пен цифрландыру кезеңіндегі журналистиканың жаңа бағыттары, қоғам сенімі және өркендеу» деген тақырып талқыланды. Шынын айту керек, жасанды интеллект тек мүмкіндік емес, үлкен проблемаға айналып барады. Бірінші кезекте фейк ақпарат көбейіп кетті. ЖИ арқылы жалған ақпарат тарата салатындар көбейген. Дипфейк технологиялар дамыған сайын бұл мәселе тіптен ушығып барады. О баста ЖИ жаппай қолданысқа енгенде «рақат-ай, мынау жұмысты жеңілдетті ғой» деп сүйсініп едік. Алайда ол редакторлардың мінезін,



қолтаңбасын, табиғатын жеткізіп бере алмайды екен. Қазір ЖИ-мен бірігіп жазылған мәтінді, сұрақтарды бірден танитын болдық. Бұл реттелуі керек. Дизайнер сынды мамандардың да жұмысы жеңілдегенімен, арнайы бағдарламаларға жазылу бағасы арзан емес.

Euronews арнасының қызметкері Денис Лактьев: «ЖИ дәуірінде жарнама арқылы жан бағып отырған БАҚ-қа қиын болады. Себебі азаматтар ақпаратты ЖИ арқылы іздесе, мәселе күрделенеді», – деген мысал келтірді. Себебі ғаламтордағы іздеу желісі арқылы тұтынушы арналардың сайтына кіре алса, ал ЖИ бірден дайын ақпарат шығарып береді. Бұл ақпараттық сайттардың да жұмысын төмендетуі мүмкін. Тіпті Денис Лактьев «дәл қазір телеарналардың өмірі тоқтап барады» дейді. Ал Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қанат Жұмабайұлы «телеарна өлген жоқ, тек трансформациядан өтіп жатыр» деп жауап берді. Расымен, алдағы бес жыл дәстүрлі БАҚ үшін үлкен өзгеріс болайын деп тұр.

Медиа-менеджерлер этика жайында пікірлерін де ортаға салды. Дәл қазір блогерлер қауымы этика дегенді естімегендей күйде жүр. Онлайн-платформалар туралы заң қабылданса да, дәл осы желідегі жауапкершілік мәселесі оңбай тұр. Біржақты ақпарат, хайп қуып, жұрттан бұрын жаңалық жариялаймын деп, жекелеген тұлғалардың шекарасын бұзып жүргендер жетерлік. Ал дәстүрлі медиа сенімді, тексерілген мәлімет жариялағанша, кейде кеш болып жатады. Таразының басын қалай тең ұстаймыз? Міне, ортаға салынған мәселе осы».

Басқосудың екінші күні «Кәсіби шеберлік және жаңа бетбұрыстар» тақырыбына арналып, жекелеген сессияларда: «Стриминг платформалары: нарық, контент, монети-

зация. Қатысушылар нені күтеді?», PR ЖӘНЕ МЕДИА КӘСІБИ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ PR-ФОРУМЫ «Сенім дағдарысы – бұл коммуникацияның жаңа дәуірі ме?», «Сандар. Медиа талдаудың эволюциясы» мәселелерін ортаға салып, қызу талқылауларға арналды. Сессияның екінші күнінде EURONEWS, «ЖИ дәуірінде ақпарат көздерімен қалай жұмыс істеу керек?», «Деректі кино: жаңа талғам, жаңа формат» ҚР Президенті телерадиокөшесінің шеберлік сабақтарымен жалғасты.

Медиаорталық холлында Astana Media Week 2025 кездесулер контент-маркеті өтіп жатыр. Бұл – жаңа форматтар, копродукциялар және халықаралық кооперациялар таныстырылатын алаң. Контент-маркет продакшн-компаниялар, дистрибуторлар және платформалар арасындағы іскерлік өткізуге мүмкіндік береді. Мұнда Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай мен Қазақстанның ішкі және сыртқы нарықтарына арналған жаңа идеялар, пилоттық жобалар мен бірлескен өндіріс мүмкіндіктері ұсынылуда.

Үш күндік форум Astana Media Week-те еліміздің барлық өңірлерінен мемлекеттік, тәуелсіз және жаңа медиа өкілдері бас қосты. Қатысушылар үшін пленарлық және панельдік талқылаулар, жабық питчинг-сессиялар, сондай-ақ саладағы жетекші сарапшылар өткізетін практикалық шеберлік сабақтары ұйымдастырылды.

Форумның үшінші күні 7-қарашада ЖЫЛ САЙЫНҒЫ САЛТАНАТТЫ МАРАПАТТАУ рәсімімен қорытындыланады. Шараның салтанатты жабылуында «Ең үздік баспасөз қызметі» «Ең үздік баспасөз хатшысы», «ҰРКЕР» Ұлттық сыйлығының иегерлері анықталады.

Ж.ҚҰРМАНБАЙ

САЙЛАУ

Қазақстанда 6200 адвокат ресми түрде тіркеліп, азаматтардың құқығын қорғауда. Олардың жұмысын әр аймақтағы 20 адвокаттар алқасы үйлестіріп отыр. Жақын күндері еліміздегі қорғаушылық қызметтің басында тұрған Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы сайланбақ. Төрағалыққа талас күшті.

АДВОКАТТАР АЛҚАСЫНЫҢ КЕЛЕСІ ТӨРАҒАСЫ КІМ?

2025 жылдың 31 қазанында Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы лауазымына кандидаттарды ұсыну кезеңі аяқталды. Алқаның кезектен тыс конференциясы 21 қарашаға белгіленген. Осы күні адвокаттар алқасына алдағы жылдары кімнің жетекшілік ететіні белгілі болады. Бұл жолы төраға болуға 15 адвокаттан өтініш түскен. Олар:

1. Евниев Рашид Бекитович – Ақмола облыстық адвокаттар алқасы;
2. Адам Мұрат Адамұлы – Алматы қалалық адвокаттар алқасы;
3. Берлибаев Ерғали Егенберліұлы – Жамбыл облыстық адвокаттар алқасы;
4. Тоқтамсыұлы Мұрат – Түркістан облыстық адвокаттар алқасы;
5. Даубалаев Мейірбек Тілләбекұлы – Қызылорда облыстық адвокаттар алқасы;
6. Токаева Асель Нұрмаханқызы – Астана қалалық адвокаттар алқасы;
7. Усетов Бахыт Сейілханович – Шымкент қалалық адвокаттар алқасы;
8. Мырзағараев Мәди Жомартұлы – Батыс Қазақстан облыстық адвокаттар алқасы;
9. Азанов Бауыржан Әскербеқұлы – Павлодар облыстық адвокаттар алқасы;
10. Үсенбаев Асқар Төреханұлы – Астана қалалық адвокаттар алқасы;
11. Қамбаров Қайрат Уәлиханович – Түркістан облыстық адвокаттар алқасы;
12. Демесинов Алмас Аманболұлы – Жетісу облыстық адвокаттар алқасы;
13. Дельманов Сисенбай Сәрсембайұлы – Ақтөбе облыстық адвокаттар алқасы;
14. Мыңжасар Айжамал Сапарханқызы – Ақмола облыстық адвокаттар алқасы;
15. Батиева Ардақ Қойшыбайқызы – Ақмола облыстық адвокаттар алқасы.

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі» туралы заңның 56-бабына сай Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады. Сондай-ақ бір адамның қатарынан екі мерзімнен артық төраға лауазымын атқаруына тыйым салынған. Бүгінге дейін республикалық адвокаттар алқасын басқарған Айдын Бікебаев төрағалық лауазымға өзін ұсынғанда биік мәнсапқа ие болу үшін емес, саланың кем-кетігін түгендеп, жұмысын жандандыру мақсатын көздегенін, одан кейін сайлауға қатыспайтынын айтқан еді. Айдын Жолшығын сөзінде тұрпыты. Өзіне берілген төрт жыл ішінде қал-қадірінше адвокаттар алқасының қызметін реттеуге, адвокаттық қызметтің беделін көтеруге, адвокаттарға берілетін жеңілдіктер мен мүмкіндіктер шеңберін кеңейтуге бір кісідей қызмет етті.

Тек Қазақстан халқы ғана емес, әлемнің түкпір-түкпіріндегі жұртшылық қызығушылықпен бақылаған жария соттар кезінде де адвокаттар өзін білімімен, біліктілігімен көзге түсті. Бишімбаев сотындағы, Шерзат ісіндегі адвокаттардың қарымына қарап осы мамандықты таңдаған талапкерлер баршылық. Бұл да болса оң тенденция.

Қоғамда адвокат қызметіне деген сұраныс та жоғарылай түсті. Соған сай өзінің беделін, танымалдығын, білімі мен сот процесіндегі нәтижелерін алға тартқан адвокаттардың қызмет көрсету гонорары айтарлықтай өскені байқалады. Бүгінде азаматтарға қалыпты үлгідегі талап-арызды жазып, құқықтық кеңес берудің құны 500 мың теңгеден басталады. Істің ауырлығына қарай адвокаттар алатын ақы да жоғары. Еңбекақының мөлшері нақты нәтижеге байланыбағандықтан, адвокатураға келуге ынта танытушылар қатары көбейе түскен.

Тіпті соңғы уақытта сот саласында тәп-тәуір беделі бар, тәжірибелі судьялардың өзі адвокатураны таңдап кетіп жатыр. «Арқа жылы болса, арқар ауып несі бар?» дегенімізбен, мықты кадрлардың кетуі біздің емес, әрине, соттың мәселесі. Ал судьялардың адвокаттық қызметті таңдауы қаржылық басымдықпен, қызметтік еркіндікпен тікелей байланысты болса керек.

Сонымен республикалық адвокаттар алқасына төраға болсам деп тақымын қысып отырғандар саны – 15. Олардың «Егер-әки мені төраға етіп сайласаңыздар» деген мағынадағы бағдарламасы адвокаттар алқасының порталында орналасқан. Бір қызығы, порталда он бес үміткердің бесеуінің: Бақыт Усетов, Ардақ Батиева, Алмас Демесинов, Сисенбай Дельманов, Айжамал Мыңжасардың сайлауалды бағдарламасы жоқ. Бұл үміткерлер тек өмірбаянын ұсынумен шектелген. Талап ортақ болғандықтан, Республикалық адвокаттар алқасының бес үміткердің бағдарламасын жария етпегені түсінісіз. «Бұл кісілердің суреті мен өмірбаянының өзі сапалы жұмысқа кепілдік береді» деді ме әлде? Өйтіп ойлайын десек, бесеуі де соншалықты танымал, көпшілік арасында айтарлықтай сұранысқа ие адвокаттар емес.

Ал енді, қалған 10 үміткер алқа төрағасы болғанда нені өзгертуі, адвокатураға нендей жаңалық әкелуі мүмкін? Рашид Бекитұлы Евниев «Біз өз құндылықтарымызды нығайту үшін үнемі жұмыс істеуіміз керек, адвокатураны алға жылжуына кедергі келтіретін барлық нәрселерден біртіндеп арылуымыз қажет. Тек осы жолмен ғана біз жаңа сапалы адвокатураны қалыптастырып, тәуелсіздігімізді нығайта аламыз» депті. Дұрыс-ақ. Дегенмен, «Адвокаттарға жергілікті деңгейде адвокатура институтының дамуы үшін аса маңызды шешімдердің мәнін жан-жақты түсіндіру қажет. Республикалық адвокаттар алқасының Президиумы қандай да бір шаралар қабылдап жатқанын бәрі бірдей түсіне бермейді. Сондықтан жүргізіліп жатқан реформалар мен қабылданған шешімдердің мәнін әр адвокатқа түсінетін тілде жеткізу керек» дегені қызық көрінді. Мүмкін Рашид Бекитұлы адвокатураның есігінен сығалай алмай жүрген мемлекеттік тілдің мүддесін көтеруді жөн деп тауып отырған шығар. Бағдарлама әуелі орысша жазылып, кейіннен қазақшаға аударылғандықтан, бұл кісінің нені түспалдап отырғанын аңғару да оңай емес. «Мен Республикалық адвокаттар алқасының бастауымен адвокаттар алқасын көлденеңінен нығайтуды ұсынамын, олар үшін сол «қалалық алаң» – олардың орталық коммуникациялары үшін алаңға айналу. Яғни, мен мұнараны тік мағынада салуды ұсынбаймын, Республикалық адвокаттар алқасы аясында нақты көлденең алаң құруды ұсынғым келеді» депті мәселен. Тік дегені не, көлденеңі қайсы екенін Евниевтің әріптестері түсінбесе, біздің өреміз жетпеді.

Адам Мұрат деген адвокаттың аты қоғамға жақсы таныс. Әсіресе, бұл азамат журналистерге өте жақын. Ойын ашық айтады, қолынан келгенінше көмегін беріп, жол көрсетіп жүреді. Бағдарламасын сықыттып-ақ жазған екен. Мақсатына жетуі әріптестеріне байланысты.

Осы бағдарламалардың ішінде Берлибаев Ерғалидың ұсыныстары көңілден шықты. Адвокаттық жұмыста кездесетін кемшіліктерді сауатты жіліктеп, мәселені шешудің жолын да тыңғылықты көрсеткен. Мысалы тергеу изоляторларындағы жағдай расымен талапқа сай емес. Адвокаттардың клиентпен сөйлесу уақыты шектеулі. Қорғаудағы тұлғамен 15 минут сөйлесу үшін адвокат

кейде бір күнін жоғалтады. Осыны айта келе Берлибаев «Не себепті адвокаттарға тергеу изоляторында телефон арқылы сөйлесуге рұқсат берілмейді? Не себепті жеке кабинеттер санын көбейтіп, кезекті жоюға болмайды? Бүкіл әлем дамып жатқанда, адвокаттың ноутбукпен электронды істермен жұмыс істеуіне шектеу қою – артта қалғандық бел-

екенін, алты жылдық адвокаттық қызметінде халыққа арналған 4 теңің заң кенесі чатын ұйымдастырғанын, 4 ақтау үкіміне қол жеткізгенін айтыпты. Қорғауындағы адамды ақтауға қол жеткізу – біліктіліктің белгісі. Бұған нағыз кәсіби мамандар ғана қол жеткізеді. Сондай-ақ «Шымкент марафоны және Dubai-25 марафонының (42 199 м) қатысушысымын, қазақ тілін қорғауды өзімнен бастап, 2024 жылы тегімді Жолшиевтен Тоқтамсыұлына ауыстырдым. Үш ұлдың әкесімін, жеті немеренің атасымын» деп өзінің артықшылықтарын көрсеткен Мұрат Тоқтамсыұлы қай «фронтта» болса

кепілді заң көмегі үшін тарифтің төмендігі, сондай-ақ цифрландыру, жасанды интеллект элементтерін барынша енгізу маңызды екенін атап өткен. Сәйкесінше алда-жалда төраға бола қалса, осы мәселелерді шешу бойынша жұмыс жүргізетіні түсінікті.

Мәди Жомартұлының «Адвокатураға бұрын сотталмаған, этика мәдениеті мінсіз тұлғалар келуге тиіс. Соған сәйкес профильдік заңға өзгерістер енгізуді ұсынамыз: А) аса ауыр қылмыстар үшін сотталған адамдарға – сөзсіз тыйым; б) ауыр қылмыстар бойынша – баптар бойынша шектеулер; в) орташа және онша ауыр емес қылмыстар бойынша – уақыт бойынша шектеулер қою керек» деген пікірі өте орынды айтылған, өз саласының мәртебесіне, болашағына нағыз жаны ашыған адамның сөзі дер едік. Әйтпесе, сотты болған адамның адвокаттық қызмет көрсетуі «Өзің диуанасың, кімге пір болғандайсың» дегенді білдірмей ме?

Келесі үміткер – Қайрат Қамбаровтың бағдарламасы Президенттің биылғы жолдауының жалғасындай көрінді. Өйткені мұнда үміткер адвокат мәртебесін арттыру, жұмысын жандандырудың кілті электрондық қызметті жетілдірумен, жасанды интеллект жетістіктерін енгізумен өзектес деп көрсетеді. Қамбаровтың бағдарламасындағы «Бұқара арасында адвокаттар кейде «ақшаның адамы», «кім төлесе, соған жұмыс істейді» деген теріс түсінік болуы мүмкін. Осы стереотипті бұзу үшін ақпараттық жұмыстар жүргізген жөн» деген пікірі қоғамның ойындағысын дәл тауып тұр. Расында, ендігі төраға адвокатураның жоғын түгіндеумен бірге, адвокаттардың әдеби мен жауаптылығын арттыру бағытында жұмыс жүргізгені жөн. Әйтпесе, қаламақысы қызметіне сай

келмейтін адвокаттардың көбейіп кетуі әділеттілік қағидатына қайшы.

Үміткерлер арасында адвокат Бауыржан Азановтың есімі де көпшілікке белгілі. Он бес жылдық еңбек өтілі бар адвокат төрағалыққа «мансап үшін емес, адвокатураның абыройы мен беделін қайтару үшін бара жатырмын» депті. Сонымен бірге Азанов «Тәртіптік комиссия жазалау құралы болмауы керек. Комиссия мүшелері ауысып отыруы міндетті. Әрбір адвокаттың тәртіптік ісін қарау кезінде қорғанушы адвокаттың қатысуына мүмкіндік берілуі тиіс. Республикалық адвокаттар алқасының президиумының отырыстары ашық өткізіліп, барлық шешімдер мен хаттамалар жарияланады. Қаржылық есеп айықын болады. Республикалық адвокаттар алқасының барлық құжаттары мен отырыстарында мемлекеттік тілді қолдану міндеттеледі. Әр адвокаттың кәсіби тәуелсіздігін нақты қорғайтын Адвокаттың тәуелсіздік кодексі қабылданады» деп нақты жоспар ұсынған.

Жалпы, үміткерлердің мемлекеттік тілді қолдануға басымдық беруі – орынды қадам. Осы тұста адвокаттық қызметке лицензия беруде үміткерлердің мемлекеттік тілді білуін міндеттеген орынды болар еді. Тілдің мүддесін қорғап жүрген адвокаттардың құлағына алтын сырға.

Асқар Үсенбаев та мемлекеттік тілдің жақтаушысы екен. Бұл үміткердің «Республикалық адвокаттар алқасының тәртіптік комиссиясының төрағасын сайлау тәртібін әрбір адвокаттың дауысын ескере отырып өзгерту, сайлау ашық болуы керек» деген пікірімен толық келісуге болады. Әйтпесе қазір сайлауда тек әр аймақтағы алқа мүшелері ғана дауыс беру құқығына ие. Тәуелсіз алқа төрағасын әр адвокат өзі таңдауға құқылы.

Үміткерлердің сайлауалды бағдарламасы адвокатурадағы ең өзекті, ең түйінді мәселелерді көрсеткен. Әрине, кейбір бағдарламадан үлкен сараптаманы, саланың кемшіліктерін жоюға, адвокатураның беделін көтеруге деген ерекше ынтыны байқадық. Кейбірінде жалпылама сөз басым. Бағдарламаға немкетті қараған жанның күні ертең келеті іс тындырары күмәнді. Мұны төрағаны сайлауға дайындалып отырғандар ескерсе дейсің.

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»



Сонымен республикалық адвокаттар алқасына төраға болсам деп тақымын қысып отырғандар саны - 15. Олардың «Егер-әки мені төраға етіп сайласаңыздар» деген мағынадағы бағдарламасы адвокаттар алқасының порталында орналасқан. Бір қызығы, порталда он бес үміткердің бесеуінің: Бақыт Усетов, Ардақ Батиева, Алмас Демесинов, Сисенбай Дельманов, Айжамал Мыңжасардың сайлауалды бағдарламасы жоқ. Бұл үміткерлер тек өмірбаянын ұсынумен шектелген. Талап ортақ болғандықтан, Республикалық адвокаттар алқасының бес үміткердің бағдарламасын жария етпегені түсінісіз.

гісі» деп дұрыс сауал тастайды.

Сондай-ақ адвокаттардан тұрақты түрде әртүрлі есептердің сұралатыны, Құқық қорғау және арнаулы органдардың ақпарат алмасу жүйесіне адвокаттардың қосылмауы, мемлекеттік құпияларға рұқсат берілмеуі де үміткер бағдарламасында орынды көтерілген. «Көптеген адвокаттар кепілдендірілген заң көмегін көрсеткен соң еңбекақысын алу кезінде қиындық көреді. Судьялар мен тергеушілер қаулы шығаруды кешіктіреді, адвокат күнін күтуге, қоңырау шалуға, кейде қаулы жобасын өз қолымен дайындауға мәжбүр. Мұны жасанды интеллект (AI) арқылы шешуге болады» деген Берлибаевтың сайлауалды бағдарламаға жан-жақты дайындалғанын аңғару қиын емес.

Ал үміткер М.Даубалаев сайлауалды бағдарламасында тәуелсіз адвокатура өңірлердегі адвокаттарды қолдаудан басталатынын айтыпты. Ол үшін: «Қазақ тілінің мәртебесін көтеру, барлық жиындар мен іс қағаздарының тек формальды түрде емес, нақты іс жүзінде Нағыз Тәуелсіз елдің мемлекеттік тілінде жүргізуін қамтамасыз ету; Барлық облыс орталықтарында және аудандарда бірыңғай үлгіде, заманауи жабдықталған кеңселермен қамту керек» дейді Даубалаев. Бір ұнағаны, Даубалаев Қызылорда облысының адвокаттар алқасында жүріп те талай шаруаларды тындырған екен. «Барлық аудандарда әкімдермен келісіп, адвокаттарға арналған кеңселер аштық; Тергеу изоляторларындағы адвокат кабинеттері 2-ден 4-ке дейін көбейттік (50% өсім); Қызылорда қаласындағы арнайы мекемеде (турмеде) бұрын болмаған адвокат кабинетін аштырдық; Облыс прокуратурының қолдауымен, барлық аудандық полиция ғимараттарында адвокаттарға арналған арнайы бөлмелер ашылды. Бұл – тек уәде емес, нақты нәтиже. Ендігі мақсат – осы оңды тәжірибені бүкіл өңірлерге тарату» деген сөздерден кейін бұл үміткердің істің адамы екеніне көңілің сенеді. Таңдау жасаған кезде басқа адвокаттар да бұған мән береді деп ойлаймыз.

Келесі үміткер – Мұрат Тоқтамсыұлы. Бұл кісінің сайлауалды бағдарламасы жоспардан гөрі, атқарған істерін көрсетуге бағытталыпты. «Мақсатым – адвокаттар қауымдастығының бірлігін нығайту, кәсіп абыройын қорғау және адвокатураны заңға, әділдік пен адамға қызмет ететін нақты күшке айналдыру» деген Мұрат Тоқтамсыұлы мемлекеттік тілдің қолдаушысы

да үздікпен дегенге басымдық бергендей көрінді өзімізге.

Үміткерлер ішіндегі көпшілікке танымалы да, «салмақтысы» да – Әсел Тоқаева (Аты-жөнін қазақша жазғанға ренжи қоймас). Бүгінде Республикалық адвокаттар алқасындағы Тәртіптік комиссия төрайымы болып отырған ханымға адвокатурадағы жетістік пен кемшілік жақсы таныс. Әрі әріптестеріне не керегін, оларға қандай мәселені көтерсе «ұнайтынын» бұл кісі жетік білсе керек. Салада 23 жылдық еңбек өтілі бар ханым «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заң жобасы бойынша, сондай-ақ Қылмыстық кодекс, Қылмыстық-процестік кодекс және Қылмыстық-атқару кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі Парламент жанындағы жұмыс тобының құрамында болған. Яғни, заңды дайындау, қабылдау жұмысын біледі. Алдыңғы сайлауда Республикалық адвокаттар алқасының қазіргі төрағасы А.Бікебаевтан аз ғана дауыс айырмасымен жеңілген Тоқаева бұл сайлауға ыждағаттылықпен дайындалғанға ұқсайды. Төраға болған жағдайда адвокаттардың кәсіби құқықтарын қорғап, соттарға, прокуратураға, тергеу органдарына және жазасын өтеу мекемелеріне кіруге кедергілерді жоюға, заңсыз тексерулер, адвокаттардан заңсыз жауап алу, адвокаттың құпияны бұзатын жасырын тергеу әрекеттерін болдырмауға білек сыбана кірісемін деп дайын отыр.

Ал келесі үміткер Мәди Мырзағараев сайлауалды бағдарламасында «адвокаттардың процессуалдық кепілдіктері мен кәсіби құқықтарын күшейтуге бағытталған бастамаларды кешенді түрде ілгерілету қажет» дейді. Бұл үміткер де ұсталған адамға және тергеу әрекеттеріне адвокаттың дер шағында жіберілмеуі, техникалық құралдарды пайдалануға тыйым салу және іс материалдарын көшіруге кедергілер, жасырын тергеу әрекеттері мен сараптамалардың нәтижелеріне қол жеткізудің қиындығы, мемлекеттік

ШОҚАН – 190

(Соңы. Басы 1-бетте)

Екеуі де қазақ халқы үшін тұтас бір дәуірдің басы, оқу білімнің үлгі өнегесі, игі жақсылықтардың негізі, бейнелеп айтсақ, тыңнан түрен салушылар, Сұлтанмахмұт ақын айтқандай «қараңғы қазақ көгіне күн бола білген», жарығын молынан төккен шамшырақтай жарқырап өмірден өткен тұлғалар. Олардың шамшырақ нұры алыстарға шуағын төгіп, қазіргі біздің өмір сүріп отырған заманымызға дейін жарық сәулесін түсіріп, ұрпақты қуаттандырумен келеді. Олардың данышпандық құдіреті де осында!

Олардың үйлесімі туралы көп айтуға болар еді, бірақ тақырыптан ауытқымыз келмейді.


Осы тарапта бір аңдағаным, Абайдың даналық ұлағаттары, ұлы мұрат-мүдделері Шоқан тұлғасын еске салғандай болады да тұрады; «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған!» «Сүйер ұлын болса, сен сүй, сүйінуге жарар ол!»

Қараңызшы, осы жалын атқан жолдардан Шоқандай қазақтың жарық жұлдызының бейнесі елес бермес пе?!

Ал енді Абайдың, адам баласының өмірін екі ақ ауыз сөзге сыйғызып, «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең» – деуі қазақтың біртұтас өміріне арналғанымен, үлкен ақын-дардың шығармашылық болмысын ашатын жекелеген образдар деген уәжге бойыншып, тағы да осы тұста айрықша жаратылыс Шоқанды елестеткендей боламыз. Дәлелдегіміз келіп отырғаны Шоқан кадет корпусына жасөспірім шағында кеткеннен орыс ортасында білім алғанымен, ол көзін тырнап ашқаннан қазақтың ән-жырымен тербеліп өсті. Шоқанның бақыты деуіміз керек шығар, ол туып-өскен орта қазақтың әйгілі сал-серілерінің бесігі еді, тіпті, ол туғанда Біржан сал бастаған талай шашасына шаң жұқпаған дүлдүл саңлақтардың ұстазы болған Сегіз сері – Мұхаммедқанапия Шақшақұлының шаңырағында қонақ болып, туған айдай жарқырап өмірге келген сабидің аузына түкіртіп, есімі берілуінің өзі ғажайып сәйкестік демеске лажымыз бар ма?!

Сол Сегіз сері, Шәрке сал, Біржан сал бастаған сал-серілер, Арыстанбай, Шөже, Орынбай секілді қазақтың жыр, айтыс мектебінде басы дерліктей дарабоз өнер иелері Шыңғыс шаңырағына жиі бастарын сұққан, тіпті, Айғанымның өзінен бастап, Шыңғыс, Зейнептер өздері қалап алдырып отырса, бұл шаңырақтың тұңғышы Шоқан ес білгеннен бұл өнер иелерін тыңдауды жаны сүйіп өскен. Шоқандарының қалауы сол болса, өздері де өнер сүйген әке-шешеді, тіпті, ес қалсын ба?!

Шоқанның нағашы жұртының елі – Баянауыл, ол да қазақтың қасиетті өлкесінің бірі, ондағы аса беделді Шоқанның нағашысы, атақты би шешен Мұса Шорманов өз тобымен бұл жаққа жиі ат басын бұратын болған, сондағы ол кісінің ең іздейтіні – аса дарынды жиені Шоқан екен. Ұшқыр ойлы Мұса нағашысы, ерке жиенінің ерекше естілігін, оқшау дарындылығын ерте байқап, айрықша көңіл бөлгенінің өзі сүйсі-



ШАМШЫРАҚ

нерлік жағдай. Осындай жан-жақты ортада өскен Шоқанның ой қиялы ұшталып, өрістей бермегенде қайтеді?!

Ал енді осы арада біз айрықша мән беруге тиіс жағдай бар. Сөз басында Шоқанға анықтама берілгенде көбінесе, «қазақ ғалымы» деп қайыра салып жүрміз дедік. Бұл дұрыс та, өйткені данышпан тұлғаның ғалымдығын әлденеше салаға жіктеп, таратуға болады. Мысалы, географ-ғалым, этнограф-ғалым, тарихшы-ғалым, шығыстанушы-ғалым деген тәрізді. Ал біз өзімізше шешіп, тақырыбымызға айшықтап, «фольклорист-ғалым» деп қысқа қайырдық. Бұл әрине, әлдекімдердің көкейінде таласты ой тудыруы мүмкін немесе оның ғалымдығы фольклормен шектеле ме деген сияқты. Әрине, шектелмейді, мұндай ойларға да үзілді-кесілді жауап беруге болмас. Дегенмен неге біз осылай айшықтап, айқындап, анықтама беріп отырғанымыздың мәнін аша кеткеніміз дұрыс шығар. Яғни, қайшылықты ой туындап жатса, айтар жауабымыз да қоса жүрсін.

Жоғарыда Шоқан тағдырымен, Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» дегенін байланыстыра ой түйдік. Тұрасын айтқанда, кейін әлденеше қырлары жарқырап ашылған, жан-жақты қабілетімен жарқырай танылған Шоқанның осы ғажайып санқырлығы неден бастау алады, бұлақ көзі ашылғандай болып, оның қарым-қабілеті, жан-жақтылығы қалайша осындай жылдам қарқынмен өрістеп жарқ ете қалды деген сұрақ әр көкейде оянуы заңдылық болар. Бұл сұраққа жауапты талай ғалымдарымыз іздеп келеді, зерттеп келеді, біз солар арқылы Шоқан феноменіне үңілдік. Бірақ, олардың ойын жаңғырықша қайталап, жалаң көшірмеші атанғымыз келмейді. Шама-шарқымызша, өзімізше ой өрбіткіміз келеді, танымал шоқантанушылармен өре жарыстырмасақ та.

Сонымен, Шоқанның феномендік дарын қырларының бастау алар бұлақ көзін қай арнадан іздеген дұрыс болады? Жоғарыдағы Абайдың қазақ баласының тұтас өмірін екі-ақ жолмен түйген сөзін

Шоқан тағдырымен байланыстыруымыздың сыры мынада: Шоқанның барша тағдыры өлең-жырмен, қазақтың фольклорлық баға жетпес қазыналарымен өріліп отырған; Шыңғыс шаңырағында әйгілі Сегіз сері – Мұхаммедқанапия қонаққа келіп, тұңғыш сәбилері дүние есігін ашқаннан, оған ырымдап, қадірлі қойағына аузына түкіртікізіп, есімі қойылған шақтан бастап, болашақ данышпанның құлағынан халқының ән-жыры, аңыз-ертегілері үзілмеген; әуелі ата-анасының қалауымен, одан кейін есі кіргеннен бастап, Шоқанның сұрауымен, бұл шаңырақтан қазақ өнерінің дүлдүл саңлақтары, жан-жақты синкретті өнер иелері Арыстанбай, Шөже, Орынбайлар, Сегіз сері, Біржан сал бастатқан сал-серілер, атақты әнші-күйші, жыршы-термешілер, қасашылар үздіксіз келіп, бұл шаңырақты қазақтың құт қонған бір өнер ордасына айналдырған екен!

Өмірінің сарқылар шағына жеткенін ұлы жүрегімен, түйсікті көкірегімен сезген оқшау талант Шоқанның жан қалауы Тезек төре жайлауы Алтынемелге түсіпті; асыл жаратылыс иесі, бір жағынан, ең жақын жандарын, әсіресе, ардақты ата-анасын уайымға батырғысы келмеген, екіншіден, Тезек төре де қазақ даласына танымал үлкен өнер иесі еді; оның ақын-айтыскерлігі, күйші-жыршылығы дүйім жұртқа мағұлым болатын. Қалайда, ғұмырының финалында Шоқанның таңдауы Тезек төреге, оның жайлауына түсуі кездейсоқ деуге келмейді, өзі де ағыл-тегіл өнерпаз Тезек төренің шаңырағынан ән мен күй, тасқын-даған толғау-жыр, терме, қиссалар үзілмейтін, Ұлы жүздің марғасқа өнер майталмандары Тезек төренің үнемі айналасынан табылатын болған. Қазақ өнерінен сусындап, ләззат алуға құмар Шоқан, бір жағы әр өлкені аралап, көзімен көріп, құлағымен ести жүріп, зерттеушілік әуестігі бар, міне, өле-өлгенше, сол жан құмарлығынан ажырамаған; әрі сусындап, құмарынан шыға отыра, халық мұраларын жинастыра берген, зерттей берген, қағазға түсіре берген!

Міне, сіз бен біз жақсы білеміз, Шоқанның бұл ізденіс, зерттеулері

еш зая кетпей, халқының баға жетпес байлығына айналғандығын!

Ал, ең бастысы, жазушы Шоқанның осы, көзін тырнап ашқаннан көрген, құлағына сіңісті бола берген туған халқының қазыналы мұралары – оның бар ғылымының бастауы, бұлақ көзіне айналған екен!

Өйткені, қарап отырсаңыз, қай ғылымға келсе де, қандай ғылыммен айналыса да, ол бұған туған халқының фольклорын, яғни ауыз әдебиетінің асыл мұраларын жанымен сүю, солардан сусындап, берілу арқылы, солардан сусындап, нәр алу арқылы, ұлағат, тағылым алу арқылы келіпті!

Осы арада ауыз әдебиеті мұраларының үлгі-өнегелік, тәлім-тәрбиелік бағыты, қадір-қасиетінің жоғарылығын, егер ұрпақ құмарынан шығып, сусындап, нәр ала алса, қандай деңгейге алып шыға алатынына да көзінді жеткізе түскендей боласын.

Демек, сөз жоқ, Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов феномені, оның данышпандық деңгейге көтерілуі-халықтық тәлім-тәрбие, ұлттық мұрасы – қазыналы байлығымыздың жемісі.

Осы тұрғыдан келгенде Шоқанның ғалымдығын, туған жұртынан, қара шаңырағынан, өскен ортасынан алған өнегесімен, тәрбие тағылымымен және еңбектеріндегі оның өз ұлтының фольклорлық мұраларына деген махаббатымен, ғалым ретіндегі зерттеушілігімен байланыстырып, фольклорист ғалымдығына басымдық беруіміз әділеттілік болады деп пайымдаймыз.

Ал енді осылайша Шоқанның фольклоршылығына басымдық бере отырып біз осы мақаламызда оның ойшылдығы мен философиясына, білгір шешендігіне неге көбірек мән беріп, тақырыбымызды қатарластырып атап қойғанымыздың мәнін де бірер сөзбен аша кетуіміз дұрыс сияқты.

Олай етуіміздің басты себебі Шоқан қандай ғылыммен айналысса да, не тақырыпқа жазса да, тіпті өзінің атақты саяхаттары туралы толғанса да, солардың бәріне ойшылдықпен, философиялық сараптама жасап, ой түйіп отырады, оның шешендігі де құрғақ ділмар-

лық емес, білгірлігімен өріледі, сондықтан оның кітап жинақтарында айқын көзге ұратын қабілет-қарымы туралы әңгіме бөлек. Мұнда ол білгір шешендігімен үйлескен сарабдал жазушы, ғалым-жазушы, философ-жазушы, ойшыл-жазушы, тарихшы-жазушы, қоғамтанушы-жазушы, заңтанушы-жазушы болып, кең тарапта ой толғайды. Айтар ойларына көмекші құрал ретінде суретшілік графикалық өнерін де пайдаланып отырады. Мұндай жан-жақты қабілеттілік Әбунасыр әл-Фараби бабамызда кездескендігі белгілі. Еуропа елдерінде Аристотель, Шекспирдің, Леонардо да Винчидің осындай асқан дарын иелері болғандығы жиі айтылады. Патшалық Ресейде он тоғызыншы ғасыр ренессанс – қайта өрлеу дәуірі атанған, қаулап шыққан сол дарын иелерінің көпшілігі қазақ арасынан шыққан оқшау талант Шоқанды жақсы біліп қана қоймай жақын араласқан, сирек болмысын тани білген, мойындаған. Бұл тұрғыдан орыстан шыққан әлемдік деңгейдегі талантты жазушы Ф. Достоевскийді айтсақ та жеткілікті. Ол Шоқанды мойындап қана қоймай, жанына жақын балап, хат алысып тұрған. Бір хатында: «Сіз мені жақсы көремін депсіз, ал мен сізді жақсы көрем, бағалаймын деуімнің өзі аздық етеді, мен сізді сүйемін!» – деп жазған. Ойлап қараңызшы, әлем мойындаған Шекспир, Мопассан, Бальзак, Хэмингуэй, Толстой, Диккенстер деңгейлес данышпан гений жазушының біздің Шоқанға осыншалық жүрекжарды ыстық ықыласын білдіруі, шынымен ғажайып емес пе?! Бұл әрине, ұлы жүректі тұлғалардың табысуы дерлік сирек кездесер құбылыс.

Ал қазақ арасындағы сирек дарын иелерінің Шоқанның білім деңгейіне, ой өрісіне таңдай қағып, тамсанулары аз болмаған; Арыстанбай, Орынбай, Шөже, Саққұлақ би, өзінің нағашысы, әйгілі би-шешен Мұса Шорманов, Шоқанның ақырғы аялдаған қазығы, атақты би-шешен, айтыскер ақын Тезек төре. Бұл тізімді жалғастыра беруге де болар еді, бірақ осы оқшау дарын иелерінің Шоқан даралығын тануы, ыстық ілтипаттарын білдіріп, өзгеше ықыластарын танытуының өзі қазақ даласының дәл сол заманда-ақ ұлтымыздың маңдайына біткен дара жұлдызын танып, бағалағаны деп болжам жасауымызға әбден болар. Бұлардың әрқайсысымен Шоқан өте жақын араласқан, пікірлес, ниеттес болған. Осылардың ішінен Саққұлақ биге айрықша тоқталуға болар. Ол атақты Қанжығалы Бөгенбай батырдың, бидің ұрпағы. Яғни, әйгілі билер династиясынан мойны озып дара шыққан өкілі. Сол Саққұлақ би шау тартқан жасына қарамастан Шоқанмен деңгейлес араласқаны таң қалдырады. Екеуі үнемі бірін бірі іздеп жүрген, Шоқан елге келген сайын алдымен іздейтін адамы Саққұлақ би болған. Екеуінің ұшырасулары, сөз қағысулары, араларында өрбіген диалог-сұхбаттарын жұрт іліп әкетіп, қақпақылдап, аңыз қылып айтып жүретін болған. Ал енді би-шешендер мектебінің көрнекті өкілі Саққұлақ биге тең дәрежелес сөз қағысуы – оның бұл тұрғыдан да шама-шарқының биік екендігін айғақтауы болар деген ой туады.

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

АЛҚАБИЛЕР СОТЫ

РЕФОРМАНЫҢ МАҢЫЗДЫ ТЕТІГІ

Алқабилер соты – азаматтардың сот төрелігіне тікелей қатысуын қамтамасыз ететін ерекше сот институты. Бұл жүйе – қоғам мен мемлекеттік сот билігі арасындағы көпір іспетті. Қазақстанда алқабилер соты 2007 жылдан бастап енгізілген. Оның мақсаты – сот үдерісінің ашықтығы мен әділеттілігін арттыру, халықтың сотқа деген сенімін күшейтеу.



Алқабилер болу талаптары:
- 25 жасқа толған ҚР азаматы;
- Соттылығы жоқ;
- Психикалық немесе басқа ауыр сырқатпен есепте тұрмайтын;
- Мемлекеттік қызметте немесе құқық қорғау органдарында жұмыс істемейтін тұлға болуы қажет.

Алқабилер соты – азаматтық қоғамның дамуы мен сот билігінің ашықтығының көрсеткіші. Бұл жүйе халықтың сот төрелігіне деген сенімін арттырып, әділдік салтанат құруына жол ашады. Сондықтан алқабилер институтын жетілдіру – заң үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды бағыты.

Алқабилер соты – бұл демократиялық мемлекеттің басты белгілерінің бірі ретінде танылатын, халықтың сот төрелігіне тікелей қатысуының ерекше нысаны. Қазақстанда бұл институт алғаш рет 2007 жылы Қылмыс-

тық-процестік кодекске енгізіліп, қазіргі таңда қылмыстық істердің белгілі бір санаттары бойынша қолданылады.

Алқабилер тек соттың бір бөлігі ретінде емес, әділ сот төрелігін жүзеге асырушы құрам ретінде маңызды рөл атқарады. Олар кәсіби судьялармен қатар отырып, істің мән-жайын зерттейді, тараптардың дәлелдерін тыңдайды және дауыс беру арқылы айыпталушының кінәлі немесе кінәсіз екенін анықтайды. Ал жаза түрін таңдауды кәсіби судья шешеді.

Қазақстанда алқабилер институты – сот төрелігінің әділеттілігі мен ашықтығын қамтамасыз етудің бір тетігі ретінде қарастырылады. Бұл жүйе азаматтардың елдегі құқықтық процеске белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Алқабилер соты – құқықтық мемлекеттің маңызды институты. Ол сот процесінің демократиялығын арттырып, халықтың мемлекетке деген сенімін күшейтеді. Алдағы уақытта бұл жүйені жетілдіру, оның қолдану аясын кеңейту – еліміздің сот реформасының маңызды бөлігі болуы тиіс.

З.АМАНКУЛОВА,
Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

САРАП

Қазір Парламентте қолданыстағы заңнамаға электромобильдерге қатысты жаңа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы талқыланып жатыр. Алайда онда заң шығарушы ғана емес, көлік қызметі саласына жауапты уәкілетті органдардың да назарынан тыс қалған мәселелер бар. Бұл ҚР Таксопарктер және курьерлік қызметтер қауымдастығы ұйымдастырған такси нарығы қатысушыларының Алматыдағы «Такси Қазақстан-2025» форумында байқалды.

ЭЛЕКТРОМОБИЛЬДЕР ӘКЕЛУГЕ АРНАЛҒАН КВОТА АЛЫПСАТАРЛАРДАН ҚОРҒАЛМАҒАН

Мемлекеттік кірістер комитеті 15 мың электромобильді жеңілдікпен әкелуге арналған 2025 жылғы квота 14 қазанға дейін толығымен игерілгенін жариялаған еді. Еуразиялық экономикалық комиссияның 2009 жылғы 27 қарашадағы шешіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық одақ аумағына әкелінетін электромобильдер кедендік әкелу бажынан босатылады. Алайда бұл жеңілдік жыл сайын әр елге белгіленген квота шеңберінде ғана қолданылады.

«Биыл елімізге шын мәнінде, 12 мыңнан астам электромобиль импортталды. Ал паркте 15 мыңнан астам болды. Алайда Қазақстанда оның тек 16 мыңы ғана қалды да, қалғаны басқа елдерге транзитпен жөнелтілді. Яғни, Қазақстан квотасы бойынша Қазақстанға электромобильдерді импорттайтындар осы квотаны пайдаланып, басқа елдерді субсидиялап жатыр», – дейді Қазақстан автомобиль одағының президенті Анар Мақашева. Оның айтуынша, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры мен «Алматы» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы арқылы және өзге де мемлекеттік бағдарламалар бойынша қаржыландыру кезінде қандай да шешім қабылдар кезде оған алдымен толық талдау жасалуы керек. Егер бұл көліктер мен жеңілдіктерді арнайы Қазақстан азаматтары үшін өз еліміздегі бизнеске пайдаланса оны құптауға болады. Ал егер бұл қандай да бір айналып өту үшін жасалып жатса, бұл шынымен де жаман нәрсе. Оны Парламентте талқыланатын жатқан заң жобасына қатысты ақпараттармен бөлісуге келген Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев та мойындады. Қазақстан квотасы арқылы алынып, өзге елдерге шығарылып жатқан электромобильдерге қатысты қолында ешқандай мәліметтің жоқтығын айтқан ол жұртшылық назарын басқа мәселелерге аударды.

«Қоғамдық көліктердің бәрі электрлік болуы керек. Мемлекеттік сектор көліктері, соның ішінде қызметтік көліктер, полиция мен жедел жәрдем көліктері, қоғамдық көліктердің бәрі электрлік болуы керек. Сол септе Алматыдағы әрбір такси, ерекшеліксіз, электрлік болуы керек. Сондықтан мен осындамын. Мен адамдардың пікірлерін тыңдап, сұрақтарға жауап беруім керек. Сонда бұл Мәжілісте қарастырып жатқан заң жобасына енгізілген түзетуде айқын көрінуі мүмкін», – деген С.Пономаревтың айтуынша, мемлекеттік органдар мен мекемелердің көлік паркін жаңарту кезінде электромобильге басымдық берілу керек. Яғни енді оларда жаңа көлік сатып алынатын кезде оның жанармаймен емес, электр қуатымен жүретін көлік болуына көңіл бөліну керек. Бұл көліктің техникалық қызметіне жұмсалатын шығынды азайтып, оның пайдалану мерзімін айтарлықтай ұлғайтады.

Форумды ұйымдастырушының есебіне қарағанда, такси тасымалы – Қазақстандағы ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Соңғы екі жылда таксопарктер саны 300-ден 500-ге, ал онда жұмыс жасайтын адамдар саны 200 мыңнан асқан. «Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының жобалар департаментінің директоры Ұлан Әсербаевтың сөзіне қарағанда, 2013

саласында Astana Hub базасында бірқатар цифрлық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Олар: Sooncar.kz – отандық такси шақыру сервисі; APARU – түрлі қызметтерді біріктіретін такси-сервисі (жолаушылар және жүк таксиі, эвакуаторлар, есіктен есікке дейін жеткізу); «Zenray» ЖК – такси компаниялары мен жеке жүргізушілердің процесстерін автоматтандыруға арналған



жылы жүргізілген зерттеуде Алматыда көліктердің жылына 20 млн литрден астам бензин жағатыны белгілі болған еді. Биыл бұл көрсеткіш 50 млн литрге жетті. Сондықтан оларды электр көліктеріне көшіру үшін такси компаниялары мен кәсіпкерлерді қаржыландыруға және қаламыздың лайықты экологиялық болашағын қамтамасыз етуге көмектесуге тырысуда.

Шетелдік цифрлық такси платформаларының монополиясы бақылауда

Мамыр айында Мәжіліс депутаттары М. Жайымбетов, М. Ескендіров, М. Ергешбаев және С. Егізбаев Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Складарға депутаттық сауал жолдаған еді.

«Елімізде отандық қосымшаларға қолдау аз, ресурсы шектеулі болғандықтан, олар бәсекеге төтеп бере алмайтыны байқаймыз. Бәсеке болмаған соң халықтың таңдау мүмкіндігі тарылып, сапа мен баға мәселесі де шешілмей тұр. Жеке қабылдауларда халық такси тарифтерінің негізсіз қымбаттауын алға тартады. Әсіресе мереке күндері немесе ауа-райы күрт өзгерсе баға бірден шарықтап кетеді. Бүгінгі таңда шетелдік цифрлық платформалар экономикалық айналымнан жүргізушілер мен халықты қоса алғанда, ел экономикасына инвестиция салмай-ақ, инфрақұрылымды дамытпай-ақ ондаған миллиард теңге алып отыр деуге болады. Осындай жағдайлар еліміздің ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді. Сонымен қатар, нарықтағы монополиялық жағдай оның кірістерін бақыламай-ақ қайта арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Цифрлық қызметтер саласындағы комиссиялық саясатты қайта қарап, ұлттық мүддені қорғауды күшейте – уақыт талабы», – деген депутаттар нақты ұсыныстарын да жеткізген.

Astana Hub базасындағы цифрлық жобалар үмітті ақтай ма?

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Складардың депутаттарға берген жауабына қарағанда, халықаралық Astana Hub технопарк отандық цифрлық платформаларды дамыту мақсатында стартаптарға салықтық жеңілдіктер, білім беру бағдарламалары, акселерация және инкубация бойынша жан-жақты қолдау көрсетеді. Атап айтқанда, стартаптық қатысушылар үшін келесі салық жеңілдіктері қарастырылған: 0% корпоративтік табыс салығы, ақпараттық-коммуникациялық қызметке арналған импортқа 0% ҚҚС, ел ішінде сатылған тауарлар мен қызметтерге 0% ҚҚС, резидент компания қызметкерлеріне 0% жеке табыс салығы, шетелдік қызметкерлерге 0% әлеуметтік салық. Соның нәтижесінде жолаушылар мен жүк тасымалы қызметтері

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

БАНКТЕР БЕЛСЕНДІ

Қазақстанда банктердің экономикаға бағыттайтын несиеленді портфелі тұрақты өсім көрсетіп отыр. Соңғы бес жылда несиеленудің орташа жылдық өсімі 22%-ға жеткен. Бұған дейінгі кезеңде бұл көрсеткіш 2,6%-дан аспай, кей жылдары кері төмендеген еді. 2025 жылдың тамызындағы жағдай бойынша екінші деңгейлі банктердің жиынтық несиеленді портфелі 41 трлн теңгеге жуықтады. Бұл жылдың басынан бері 14,1% өсімге тең. Сарапшылар мұны бизнеске берілетін қарыз көлемінің ұлғаюымен байланыстырады. Банк секторы ішінде ForteBank ерекше көзге түсті — оның несиеленді портфелі жыл басынан бері 54,4% өсіп, 2,9 трлн теңгеге жеткен. Нәтижесінде банктің нарықтағы үлесі 5,3%-дан 7,2%-ға дейін артқан. ForteBank несиеленудің барлық бағытын, соның ішінде корпоративтік секторды да белсенді дамытып келеді. 2024 жылы оның несиеленді портфелінің 62%-ы бизнеске бағытталған, оның ішінде 29,1%-ы шағын және орта кәсіпкерлікке, ал 32,9%-ы өзге корпоративтік сегменттерге тиесілі болған. Банк металлургия, қызмет көрсету, көтерме сауда және көлік саласындағы компанияларды белсенді қаржыландырды. Сондай-ақ «Даму» қорының бағдарламалары аясында шағын және орта бизнесті қолдау жұмыстары жүргізілді. Қордың жалпы 350,4 млрд теңгелік қаржыландыруының 83 млрд теңгесі яғни 24%-ы ForteBank үлесіне тиген. Бұл қаражат шағын компанияларды дамытуға бағытталған. Несиеленудің өсуі қарқыны бойынша екінші орында Freedom Bank тұр — оның несиеленді портфелі 21,3% өсіп, 1 трлн теңгеге жеткен. Одан кейін Kaspi Bank (өсім 19,6%, 7,2 трлн теңге), Bank RBK (өсім 18,8%, 1,3 трлн теңге) және Банк ЦентрКредит (өсім 11,8%, 4,5 трлн теңге) кіреді.

Қазір елде 23 екінші деңгейлі банк жұмыс істейді, олардың 15-інде шетелдік қатысу бар, соның ішінде 10-ы — еншілес банктер. Сарапшылардың пікірінше, соңғы жылдары банктік несиелену жаңа белеске шықты. Қаржы институттары өзгермелі экономикалық жағдайға бейімделіп, бизнесті, әсіресе шағын және орта секторды қолдауды кеңейтіп келеді. Мамандардың айтуынша, несиеленудің тұрақты өсуі — қаржы жүйесіне деген сенімнің қалпына келе бастағанының және Қазақстан экономикасының орнықты дамуының айқын көрсеткіші.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ЭКОНОМИКА

ЗАҢ ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІН АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗУДІ КӨЗДЕЙДІ

Мәжілісте банк туралы заң жобасын қызу талқылап жатыр. Депутаттардың бір сағаттық сұрақ қою регламенті мәселенің маңыздылығына байланысты жарты сағатқа ұзартылды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мадина Әбілқасымова заң жобасының негізгі жаңалығы – активтердің жаңа класы ретінде цифрлық қаржы активтерін реттеуді енгізу және олардың Қазақстан аумағындағы айналымына рұқсат беру екенін айтады.



Атап айтқанда, цифрлық қаржы активтерінің үш түрін енгізу көзделген:

Біріншіден, базальқ активі ақша болып табылатын цифрлық қаржы активтері, яғни стейблкоиндер. Стейблкоиндерді шығару, айналысқа жіберу және өтеу тәртібіне, шарттарына қойылатын талаптарды Ұлттық банк айқындайды.

Екіншіден, базальқ активі қаржы құралдары, қаржы активі, мүліктік құқықтар, тауарлар немесе өзге де мүлік болып табылатын цифрлық қаржы активтері.

Үшіншіден, цифрлық платформада электрондық-цифрлық нысанда шығарылатын қаржы құралдары.

«Агенттікке стейблкоиндерден басқа, цифрлық қаржы активтерін шығару, айналысқа жіберу және өтеу тәртібіне, шарттарына қойылатын талаптарды белгілеу өкілеттіктері беріледі. Цифрлық қаржы активтерін цифрлық платформалар операторлары шығаратын болады. Бұл операторлар – қаржы нарығының жаңа субъектілері, олардың қызметіне лицензияны Ұлттық банк беретін болады», – дейді Мадина Әбілқасымова.

Цифрлық қаржы активтеріне қолданыстағы қаржы құралдары үшін белгіленген ұқсас талаптар қойылады. Оның ішінде тәуекелдерді басқаруға, ақпаратты жария етуге және инвесторлардың құқықтарын қорғауға қатысты талаптар бар. Сонымен қатар заңда қамтамасыз етілмеген активтер, яғни криптовалюталарды реттеу қарастырылған. Криптовалюта айырбастайтын ұйымдарға лицензияны Ұлттық банк береді және олардың қызметін бақылайды. Инвесторларды қорғау мақса-

тында Ұлттық банк рұқсат етілген криптовалюталардың тізімін және айырбастау операцияларына қойылатын шектеулерді бекітеді. Сондай-ақ кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға жол бермеу үшін криптобиржалар мен цифрлық активтер нарығының қатысушылары қаржылық мониторингке енгізіледі.

«Заң жобасында банктердің экожүйелер шеңберінде инновациялық қаржы өнімдерін дамыту, банк қызметіне озық технологияларды енгізу және банктердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қаржылық-технологиялық компаниялардың капиталын инвестициялау мүмкіндіктері кеңейтіледі. Банктерге цифрлық технологиялар, электрондық коммерция, киберқауіпсіздік, биометрия, жасанды интеллект және телекоммуникация салаларында еншілес компанияларды құру және сатып алу құқығы беріледі», – дейді Мадина Әбілқасымова.

Банк еншілес ұйымдары шетелдік қаржы және лизингтік компанияларға инвестиция сала алады. Ал сақтандыру еншілес ұйымдарына шетелдік брокерлер мен медициналық мекемелер құруға, халықаралық сақтандыру синдикаттарына қатысуға рұқсат беріледі. Заң жобасының маңызды бөлігі ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған. Бұл бағытқа ашық банкинг, мобильді төлемдер, ұлттық төлем жүйесі мен цифрлық теңге кіреді. Цифрлық теңгені айналысы және оны пайдалану тәртібін Ұлттық банк айқындайды.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТҰРҒЫН ҮЙ

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН БАҚЫЛАУ – ПИК МІНДЕТІ

2025 жылы 15 қыркүйектен бастап ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына енгізілген өзгерістер күшіне енді. Атап айтқанда, пәтер иелері кооперативтерінің (ПИК) қызметіне арналған 51-6-бап қолданысқа енгізілді.

Осы баптың талаптарына сәйкес, ПИК қызметі тек заңмен ғана емес, сондай-ақ уәкілетті органмен бекітілетін ПИК-тың үлгі жарғысы негізінде реттелетін болады. Барлық ПИК бір жыл ішінде міндетті түрде қайта тіркеуден өтуі тиіс, бұл ретте әділет департаменттеріне жарғыны ұсыну талап етілмейді.

ПИК бейкоммерциялық ұйым ретінде тіркеледі және сол мәртебеде қызмет атқарады. ПИК құру үшін бастамашы топ кондоминиум объектілерінің меншік иелерінің жиналысында делегатталған өкілдерден құралыуы тиіс болады. Егер ПИК құрамына екіден астам көпқабатты үй кіретін болса, әрбір үйден өкіл жиналысы арқылы бөлек бекітілуі және оған меншік иелерінің мүдделерін білдіру құқығы берілуі қажет.

ПИК-тың міндетті функциялары:

- Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, қоймалар мен автотұрақ орындарының меншік иелерінің тізімін қалыптастыру;
- Тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету;
- Жалпы жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу;
- Коммуналдық қызметтер көрсетуге арналған шарттарды жасасу;
- Жиналыстың және үй кеңесінің шешімдерін орындау;
- Жиналысқа келесі құжаттарды дайындау және ұсыну:
- Жылдық шығыстар сметасының жобасы;
- Ай сайынғы және жылдық есептер.

● Кондоминиум объектісі бойынша ағымдағы және жинақ шоттарын 15 күн ішінде ашу және оны басқару.

● Барлық түрдегі жарналардың (оның ішінде қоймалар мен тұрақ орындары үшін) уақытылы төленуін бақылау.

Жазбаша сұрау салу негізінде меншік иелеріне келесі құжаттарды ұсыну:

- Шоттар бойынша көшірмелер;
- Қаржылық құжаттама;
- Есептер мен жиналыс хаттамалары (қағаз және/немесе электрондық түрде).

Коммуналдық қызметтердің сапасын бақылау:

Жылыту маусымына дайындық, лифтілер жұмыс жасауы мен қауіпсіздік жүйелерінің (өрт дабылы, түтін шығару және т.б.) жұмысын қамтамасыз ету.

ТКШ саласындағы электрондық ақпараттық жүйелерге деректерді енгізу. ПИК-тың барлық кірістері тек жарғылық мақсаттарға бағытталуы тиіс. Пайданы қатысушылар арасында бөлуге жол берілмейді.

А. АКТАНОВ,
Зайсан аудандық сотының судьясы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҮКІМ

КҮДІКТІ ЖАЗАСЫН АЛДЫ

Ақмола облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында бұрынғы жұбайын өлтіруге оқталған азаматқа қатысты қылмыстық іс қаралды (ҚК-нің 24-бабының 1-бөлігі, 99-бабының 1-бөлігі).

Сотта күдіктінің ас үй пышағын алып, бұрынғы жұбайының жұмыс орнына сөйлесу мақсатында келгені анықталды. Сөйлесу барысында жанжал туындаған. Әйелі дәретханаға қарай кеткен кезде күдікті оның артынан барып, пышақпен арқасынан ұрған. Кейін әйел қашып, басқа бөлмеге кіргенде, бұрынғы жұбайы оны қуып жетіп тағы да бірнеше рет пышақ сұққан. Сыртқа қашып шыққан әйелді көшеде тағы да қуып жетіп, денесіне бірнеше пышақ жарақатын салған. Барлығы 9 пышақ жарақаты анықталған.

Көшеде күдіктіні куәгер азаматтар ұстап, полиция қызметкерлеріне тапсырды. Сот-медициналық сараптама нәтижелері бойынша, оның есірткіге тәуелді екені және емделуді қажет ететіні анықталды.

Сот отырысында ол кісі өлтіруге оқталғанын мойындамай, бұрынғы жұбайын тек қорқытпақ болғанын түсіндірді.

Сот үкімімен оған 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды, сондай-ақ жәбірленушінің ауруханада емделуіне кеткен шығындарды өндіру туралы азаматтық талап қанағаттандырылды. Бұдан бөлек, сотталушыға жазасын өтеу орнында есірткіге тәуелділіктен мәжбүрлі ем тағайындалды.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

Ақмола облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының баспасөз қызметі

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

3. «ЭлектроКор» ЖШС (БСН 180240000953) (Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төреқұлов көшесі, 68-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050004, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төреқұлов көшесі, 68-үй, 508-кеңсе.

4. «БМ ДРАЙВ» ЖШС (БСН 240840038525) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Жайпақ ауылдық округі, Жайпақ ауылы, Б.Момышұлы көшесі, 54-үй.

5. «Jania Stroi Snab» ЖШС (БСН 210740012656) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Өтенай ауылдық округі, Өтенай ауылы, Шевченко көшесі, 18-үй.

6. «Дом Открыток» ЖШС (БСН 010840017887), өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жандосов көшесі, 2-үй.

8. «ДАРАБОЗ CLUB» ЖШС (БСН 240140025126) Астана қаласы, 010000, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 23-үй, 220-пәтер, өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша Астана қаласы, Алматы ауданы, Қаныш Сәтбаев көшесі, 17-үй, 7-пәтер мекенжайында қабылданады. Тел. + 7 701 255 19 65.

9. «Батыс Байкен» ЖШС (БСН 170540021201) (Астана қаласы, Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі, 10-ғимарат) өзінің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Д.Қонаев көшесі, 10-ғимарат, 12-қабат. Тел.: +7 701 993 25 54.

10. «BAUTEN SERVICE» ЖШС (БСН 080340018443) таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Мәдениет ықшам ауданы, 383-ғимарат.

13. «Интегрейт Сэйфти Сервисес» ЖШС (БСН 160540014554) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Громовой көшесі, 27/1-үй.

14. «HL LOMBARD AST» ЖШС (БСН 211140009726) өзінің таратылғанын хабарлайды. Хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде талаптар келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Жаңарқын ауданы, Жаңаарқа ауылы, Абай көшесі, 26 үй, 2 пәтер.

16. ҚР Маңғыстау облысының Ақтау қаласында «Дженгиз Иншаат Санайи Ве Тиджарет Аноним Ширкети» АҚ филиалы (БСН 140741024075) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 5А шағын ауданы, № 8 ғимарат, «Нұртөбе» БО, 3-1 кабинет, тел. 87073855619.

17. «Ringi» ЖШС (БСН 250240016370) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 4/2 корпус, 111-пәтер. Тел.: 8-775-296-39-94.

18. «TULUSH ELENA (ТУЛУШ ЕЛЕНА)» ЖШС (БСН 220740016452) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 4 ғимарат, тел. +7 983 516 20 25.

19. «Demeu Pharma», жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымы (БСН 000340000436) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Аль-Фараби даңғылы, 45, 15-пәтер. Телефон +7 727 355 1120.

20. «Jan-ashar Qazyна» АӨК (БСН 200740022116) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Жаңашар ауылы, Қуат көшесі, 73-үй. Тел. 87077044961.

ӘРТҮРЛІ

11. «Сауле» өндірістік кооперативі (БСН 060440001338)өзінің «Гордорсервис – Т» ЖШС (БСН 020740000068) ұйымына қосылу жолымен қайта құрылғаны туралы хабарлайды.Талаптар Теміртау қаласы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 45/2-құрылыс мекенжайы бойынша қабылданады.

12. «Гордорсервис – Т» ЖШС (БСН 020740000068) ұйымы «Сауле» өндірістік кооперативіне (БСН 060440001338) қосылу жолымен қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар gordor58@mail.ru поштасы арқылы қабылданады.

15. «Нұр-Астық 2005» ЖШС (БСН 041240003000) өз қатысушыларына кезектен тыс жалпы жиналыстың өткізілуі туралы хабарлайды. Жалпы жиналыс Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Егінді ауылдық округі, Егінді ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 23-үй мекенжайы бойынша өтеді. Жиналыстың өту мерзімі: 2025 жылғы «8» желтоқсан; сағат 12:00-де.
КҮН ТӘРТІБІ:
1. «Нұр-Астық 2005» ЖШС директорының ауысымы.

21. «Ақ-Жол 2030» ЖШС (БСН 991240006667) кредиторлар алдындағы борышты қайта құрылымдау, ортақ үлестік меншіктегі үлестерді сату, уәкілетті органдағы өзгерістер және кредиттік желіні ашу үшін қаржы ұйымдарына жүгіну мәселесі бойынша қатысушылардың кезектен тыс жиналысы өтетіні туралы хабарлайды. Жиналыс 8.12.2025 ж. сағат 15:00-де Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Жантеке ауылы, Жабаев көшесі, 1-үй мекенжайы бойынша өтеді.

22. «Батыс Қазақстан облысының Казталов аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ (БСН 150440024121) бөліну жолымен «Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының кәсіпкерлік бөлімі» ММ-і және «Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-і болып қайта құрылатындығын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Казталов ауданы, Казталов ауылы, Шарафутдинов көшесі, № 2 үй, тел. 871144-31-3-70.

МҰРАГЕРЛІК

2. 2025 жылы 9 маусымда қайтыс болған Керімбеков Орал Смайылулының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

7. 2023 жылы 10 ақпанда қайтыс болған Рсаев Төреханның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеті. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволива Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

«Висяк» болып жатқан қылмыстық істерді ашуға көмек көрсету үшін Ішкі істер министрінің арнайы бұйрығымен елордадан Алматы қаласына кеше түн жарымында ұшақтан түскен Астана қаласы Ішкі істер департаменті Тергеу басқармасының бастығы, полковник Қайсенов қонақ үйде ұзақ жата алмады. Үйренген әдеті бойынша таң бозынан тұрып, қырынып, салқын жаңбырлатқыш (душ) қабылдап, сергіп алды. Тақси шақырып, қалалық ІІБ-не келіп, өзіне арнайы бөлінген кабинетке кіргені сол еді, қызмет телефоны жылан шағып алғандай «шарр» ете түсті.

– Абылай Әзімханұлы тыңдап тұр.

біраз көңіл аулайды. Екі жағы қаптаған базар мен ығы-жығы топырлап, әлденелерді іздеп жүрген адамдар. Машина сол тура жүріспен, әлдекімдерді мазақ қылып қойғандай «Тура жол» атты ауылға келіп кірді.

Бұл ауылда адамдар отбасылық жақындық-туыстық тәртібі бойынша қоныстанған. Балалар үйленіп, өсіп-өніп, тамыр жайған. Ұрпақтар бірекі бөлмелі лашығын ата-аналарының үйіне жапсарлас салып алған. Жергілікті ауқатты адамдар екі қабатты зәулім үйлер салып, сонда шыртып түкіріп, «әләулайлап» өмір сүріп жатқан сыңайы байқалады. Көшенің екінші жағында алыс туыстары мен жекжаттары тұратынын

дай виллалар салады. Міне, қазіргі ұрылар қандай?!

Ал, күні кеше ғана өзімнің қабылдауымда болған Шахизада атты әйел қандай қаржы көзі, қандай кәсіп арқылы бай, аста төк жағдайда тұрады екен, ә? Өзін Иран шахының қызындай сезініп, сөйлескен адамды билеп-төстеп кететін өжеттік, тіпті, саясатты да жілікше шағатын еркіндік, баатыл қасиеттер қайдан бітті екен?

Дегенмен, полковник Қайсенов мырза, бекер қиялданып, аспанға ұшпай, тура жолмен жерге тұс! Дәлірек айтқанда – «Тура жол» ауылына оралыңыз. Мұнда сізді жаңа, үлкен істер күтіп тұр.

... Шамильдің көздері түссіз

үйдің алдына тоқтады. – Бұл Шамильдің үйі – «ұлы Сталин жолдас-тың» Кавказ халықтарын «сенімсіз ұлт» ретінде күштеп қоныс аударуы кезіндегі тарихи ескерткіш.

Бұрынғы чекістің кәсіби жады оның ішінде сақталып қалған пайдасы ақпаратты көп ұзамай берді: саманнан соғылған үйде радио толқынын пайдалану мүмкін емес, кедей фантастиканың бұл кереметі электромагниттік толқындарды жібермейді.

Таусылып бітпейтін сансыз көп сарайлары жыпырлап тұрған бұл ауланың терең түкпірінде, қазақтар «тай қазан» атап кеткен үлкен қара қазан орнатылған пеш түтінін будақтатып тұр. Пештің жанында қою

шелер соққан желдің лебімен баяу ғана тербеледі. Демек, «міскейін адам! Кока ма, немесе героин ба екен? Құдай-ау, екеуінің қандай айырмашылығы бар. Бұлардың қайсысын болса да, сатып алу үшін көп ақша қажет екендігі белгілі. Мә-ә-ә, Шамиль, сен немені қандай жасырын ойын ойнағансың? Бірақ, әлі ертерек. Соңғы тұжырымды жасауға асықпау керек».

Осы кезде үйден аласа бойлы, дене бітімі шағын, қанша жастағы екені белгісіз, түсі қызылды-жасылды көйлек киген әдемі әйел шыға келді. Бұл көңіл дегенді қойсаңшы, «көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» демекші, полковниктің ойына Мұқағали ақынның:

Еркектерден әйелдерді көп дейді.

Ойбай, ойбай, бола берсін көп мейлі.

Әйел деген әдемі ғой, әдемі, Әдемілік бізге көптік етпейді, – деген өлең жолдары еріксіз орала кетті. Дастарқан басына көгілдір көктем орнағандай, бір-біріне сын көзімен қарап отырған жандар аяқ астынан көңілденіп шыға келді. Иә, бүкіл адамзат баласына мейірім мен қуаныш, аспандай көтеріңкі көңіл-күй, аста-төк махаббат пен сүйіспеншілік сыйлайтын әйел заты аман болсын.

– Бұл кісі біздің апайымыз. Дәлірек айтқанда, менің ағамның әйелі. Қазақтарша айтсам – жеңгем, – деп таныстырды үй иесі.

– Зу...я – деп, түсініксіз, тіс арасынан ысылдай есімін айтқан әйелдің атын сол күйінше ұқпағанымен, сүйкімді күлкісімен айналасына бір жағымды көңіл-күй сыйлаған әйелге аса риза болған Абылай Әзімханұлының есіне баяғы бір істегі күдікті әйелдің мыстан күлкісі көз алдына көлбеңдей берді. Сол-ақ екен, көңілінде аяқ астынан белгісіз бір күдік, мазасыздық сезімі оянып, денесі тітіркеніп кетті.

ШАМИЛЬ ШАЛДЫҢ

– Кезекші Сәлімов. Сізге Шамиль атты біреу сұранып тұр.

– Жіберіңіз.

Артынша есік баяу ғана қағылып, орта бойлы, көмірдей қара өңді азамат жасқана басып, кабинетке кірді.

– Келіңіз, отырыңыз, – деген полковник көзімен стол басындағы емен орындықты нұсқап, мейманға жылышырай танытты:

– Қандай шаруамен келдіңіз, ақсақал, айта отырыңыз.

Келуші орындыққа отыра беріп, сыпайы ғана қолын созды:

– Шамиль... Атым – Шамиль, – деп, есімін екінші рет қайталады.

Полковник Қайсенов те аты-жөнін айтты. – Құлағым сізде.

Шамиль сөйлей бастады. Оның үздік-создық, түсініксіздеу айтқан сөздерінен ұққаны: келушінің жиені жоғалып кеткен және оны іздеп табуға қанша қаражат керек екендігін білгісі келеді екен.

– Біз біріншіден, мемлекеттік қызметтеміз, екіншіден қызметіміз үшін ақы төлеу туралы сөз қозғаманыз, – деген полковник Қайсеновтің жоқ іздеушіге бірнеше сұрақ қоя отырып ұққаны: Шамильдің інісінің Руслан атты он екі жастағы ұлын кеште түнде бейтаныс адамдар ұрлап әкеткен. Көрген біреулер: «ақ түсті «Волга» машинасынан түскен екі адам велосипед теуіп келе жатқан жасөспірім ұлды көлікке күштеп отырғызырм. Артынша машина Алматы–Ташкент тас жолына түсіп, ызғытып кете барған» дейді.

– Шамиль, бізге уақытты текке жоғалтуға болмайды. Оқиға орын алған жерді дереу тексеруге барамыз. Ал жол бойы сіз менің сұрақтарыма жауап берісіз.

Жоқ іздеушінің ыңғайсызданып, ұялған түр көрсеткені байқалды:

– Тақси үшін менде соқыр тивін да жоқ, – деді көзін төмен салып.

– Ештеңе етпейді, менің қарамағымда қызметтік көлік бар.

Сейфуллин даңғылы бойындағы тырып, өспей қалған ағаштардың арасында бұрынғы кеңес заманы адамдарының сұлбасы қараңдайды. Өмір бұл жандарды өз жолынан қақпақылдап шығарып тастаған. Бірақ, олар өздерінің бойындағы адамдық қадір-қасиеттерінің соңғы тамшыларын сақтай отырып, арзан жұмыс күші болуға жалданғандар. Бұл маңға жақындаған машиналар тоқтар-тоқтамастан, көліктің астына түсе жаздап, «мені алыңыз, мен жұмысты жақсы жасаймын» деп өңмендейді. «Жаңа» жұмыс беруші көк тіреп тұрғандай ернін әрең қимылдатып, жұмыс сұраушымен менсінбей сөйлеседі. Бұл – құлдықтың жаңаша бір түрі. Өкінішті, бірақ бұл өмір шындығы. Қайтесіз, сіз ештеңе істей алмайсыз, мемлекет олардан бас тартып, қорғаусыз қалдырды... Ал, Райымбек даңғылымен жүру

Шамильден білді. Сондықтан, мұндағы тұрғындардың барлығы тәтелер, нағашылар, жиендер, жалпы бір қаннан таралғандар екен.

Сонымен, Руслан Шамиль ағайымен, оның әйелі, екі баласымен және атасымен бірге тұрыпты. Әкесі қайтпас сапарға аттанып, анасы Русланын тастап, сүйіктісімен қашып кеткен.

Иә, барлық бастапқы нұсқалар Шамильдің айғақтарына негізделуі керек, дегенмен кейбір күмәнді тұстар, оның толық шынайылығына деген сенімге селкеу түсіріп тұрған сияқты. Бірақ, полковник Қайсенов ол күмән жәйттарды сезгенімен, оның айтқандарын тыңдауға келгендіктен, әзірше қорытынды жасауға асыққан жоқ.


...Олар бір су қоймасына ма, көлшікке ме, әйтеуір балшық-шалшығы мол бір аумаққа келді. Жасөспірімдер лезде жиналып қалды. Ұлдар мен қыздар өздерінің көрген-білгендерін немесе болжамдарын айтқысы келіп, таласа-тармаса сөйлеуде. Бұл айтылғандардың бәрі бастапқы деректерден алшақ кетіп жатыр. Біреулері «Волганың» аппақ түсін ғана емес, сонымен қатар, автомобильдердің маркаларын да өзгертіп жатыр. Бірі «Москвич» деп өреклісе, екіншісі «Ауди» дейді. Баланы ұрлаушыларды да бірі түріктер, екіншілері чехтар, содан кейінгілері ұйғыр ұлтынан дейді. Сонымен бірге, қарсыластарын «ақымақсың» немесе «ессіз қызсың» деп таласқандардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігін білу мүмкін болмайды. Енді бір шорты киген қиялшыл қыз оқиғаны өз көзімен көргендей: «Русланды көрістер алып кетті. Олар оны зомбиалап, пияз өсіретін алқапта жұмыс істеуге мәжбүр етеді» деп соғып тұр.

Өкінішке қарай, олар мұнда бекер асығыпты. Оқиға болған жерді тексеру еш нәтиже бермеді.

– Қане, Шамиль, кеттік бұл жерден. Үйіңізді көрсетіңіз, – деген Абылай Әзімханұлы машинасына қарай көңілсіз аяңдады.

* * *

«Қызық... Кеңес өкіметі тұсында қазіргі оңтүстік Астананың маңында орналасқан, күз айындағы күннің соңғы шуағына малынып жатқан осы үлкен елді мекеннің халқы не істейді екен? Барлығында баршылық сезіледі. Көше бойындағы биік, берік қоршаулар, әдемі «шубамен», мрамор плиткалармен келістіре қапталған екі-үш қабатты сәнді үйлер. Жарайды, бұрындары ұрлап-жұрлап салынған үйлер шығар. Ол кезде ұрлайтын нәрсе көп болды. Бірақ, қазір республикадағы ескі жеке сектор ауылдар көз алдымызда соғыс кезіндегі сияқты қирап жатыр. Есесіне, «жаңа адамдар» хан сарайын-



ҚҰШИЯСЫ

әйнек құсап, біртүрлі, бұлыңғыр ма, бозғылт па, түсініксіздеу екен.

«Шөп» искей ме, анаша тарта ма, әйтеуір «сау сиырдың боғы емес». Мұндай күдік туғызатын, жұмбақ адамнан сақтану керек. Масақара қылып, оның бір «каиф» ұстап тұрған кезіне тап болсаң, басыңнан терімгер бір қойып, астындағы, ескі болса да, бұт артуға жарап тұрған көлігінді «шу, қарақұйрық» деп, айдап кетуден тайынбас. – Осы ойлардың жетегіне мықтап жегілген Абылай Әзімханұлы Шамильге:

– Сіз неге полицияға жүгінбедіңіз? – деп кенеттен сұрақ қойды.

Шамасы, оның қиялы алысқа кетіп қалды, білем, күтпеген жерден қойылған сұрақтан селк ете қалды:

– Таныстар жеке детективке, дәлірек айтқанда, «қолынан іс келетін шебер детектив» деп, «Бәрі» атты компанияға баруға кеңес берді. «Сенген қойым сен болсаң – күйсегеніңді ұрайын» демекші, олар ақшамды қағып алды да, түк те бітіре алмады. «Астанадан мықты тергеуші келеді екен» деген хабарды естіп, сізге үлкен сенім, үкілі үміт артып келіп отырмын, – деген Шамиль сөзін әрі қарай созбай, мұңайған кейіпте «бұл кісі не айтар екен?» дегендей, отырып қалды.

...Біреуі екіншісіне қарағанда әдемі, бетон, ағаш қоршаулар кенеттен үзіліп, Құдайдың жарық дүниесінде бұрыннан келе жатқан «рабица» аталатын тізбекті тордан жасалған қоршауға ұласты. Қиқайып, топсасы үзілген, жапсаң ашылмайтын, ашсаң жабылмайтын қақпасы бар

түтіннен түрі анық көрінбей тұрған адамның көлбеңдеп жүрген сұлбасы баяу қимылдайды.

– Әйелі, – деп Шамиль ол жүрген жақты меңзеп басын изеді.

– Әкесі, – деп жаңағы сияқты бас изеу қимылымен, кіре берісте отырған басындағы қызғылт па, күлгін бе, айырып болмайтын шашы бар қарт адамды иегімен нұсқады. Артынша полковник Қайсеновке:

– Біз абу жейміз. Сіз абуды жақсы көресіз бе? – деп, тіл-жағына сүйенген қожайын өзінің қонақжайлығын көрсетті. – Біздің атамиз абуды өзінің жанынан да жақсы көреді.

«Бұларға сыр бермес үшін үндемеген дұрыс. Бірақ, қалай болғанда да, түскі ас ішетін уақыт келді. «Ұйқыда, күлкіде және аста ұят жоқ» демекші, ас ішіп, бойға әл жинап алғанның ұяттығы жоқ» деп ойлаған Абылай Әзімханұлы ас даярланғанша қолжұғышқа қолын шайып алды. Көңілі ас ішуде болғанымен, көзінің қырымен Шамильдің іс-әрекетін бағып тұр. Міне, ол қоңырқай көйлегінің жеңдерін түріп, қаңылтыр қолжұғышқа бет-аузын жуды. «Қожайынның сонысы жақсы болды. Қазір оның тамырында ине салынған, немесе салынбаған таңбаны зер сала қарауға мүмкіндік болды». – Бірақ, байқалып тұрған ерекше ештеңе жоқ сияқты, инъекцияның тамыр тұсына түскен таңбасы көрінбейді.

«Оп-па! Қолжұғыштың жанында қоқысқа толы қаңылтыр шелек тұр екен. Оның бет жағында қағаздан оралып жасалған, ұзындығы мөлшермен бес сантиметрдей түтік-

Әңгімесі бітіп болмайтын, сол арқылы жүйкені сынап отырған әйел күлімсіреп, дамылсыз самбырлай сөйлеп жүріп стол жасады. Бірақ, Абылайдың ойы басқада: «Абу» атты тағамы қойдың етінен бе, жоқ әлде сиыр етінен жасала ма екен? Құирылған еттен бе, қайна-тылған еттен дайындала ма?» Осындай «өте маңызды» мәселе туралы терең ойлап отырып, көршісінің кей сөздерін құлағынан асырып жіберген сияқты. Сол арада сөзшең әйел екеуінің жанарлары түйісіп қалды. Құдай-ау, бағанағы сұлулықтың ізі де жоқ! Сол бір фосфор сияқты ызғарлы жарық шашып, жасанды жымысқы күлкісімен адамды кері итеріп тұратын дастарқан иесінің кейпі кобра жыланға ұқсап кетті. Мүлдем кірпіксіз тықыр көз еттері, жыпылықтамай, тесірейіп, қадала қарайтын суық көзқарасын іштегі түйсігімен оны «суық жымыған кобра» деп атады.

«Абу» аталатын тағамы дастарқанға қойылды. Бетінде шөп-шалаңы қалқып жүрген, айранға су қосқан кәдімгі шалап. Еттің өзі түгіл, иісі де жоқ! Қалайы қақықпен бір ұрттады да, қайта түкіріп тастауға ұялды. Жүрегі айнып, құсқысы келіп, тез жұтып жіберді.

«Ой, Аллаһ, ондай «абуына» мен «табу» қойдым» деп, кіржие қалған полковник Қайсенов: «Шіркін, тағамның асылы – өзіміздің қазақша асылған ет қой!» – деп қиялдап кетті.

Ғабдул-Сәбит ЮСУПОВ

(Жалғасы бар)